# SARYARQA

5 taýsym 2020 jyl

Saryarqa.info

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№20 (8184)



AINA — АЛАЯҚТАРДАН САҚ БОЛЫҢЫЗ! — 2-бет

KÚN TÁRTİBİ — КӨПТЕН КҮТКЕН КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ — 3-бет

RESMI — КҮРЕС – ОРТАҚ ПАРЫЗЫМЫЗ — 4-бет

QOǴAM — ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК ЗАҢМЕН ҚОРҒАЛАДЫ — 6-бет


# ЭТНОСАРАЛЫҚ КЕЛІСІМ – ІШКІ САЯСИ ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫҢ МАҢЫЗДЫ ФАКТОРЫ

***Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Комсомольская правда» газетіне берген сұхбаты***

**Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ресейлік «Комсомольская правда» басылымына берген сұхбатында Ресеймен және Беларусь елімен қарым-қатынасы туралы көзқарасын, «Астық саласындағы ОПЕК» сияқты бірлескен жобаларға қатысты пікірін білдірді. ҚазАқпарат Мемлекет басшысының «Комсомольская правда» басылымына берген сұхбатының қазақ тіліндегі аудармасын ұсынды.**



**– Жүргізілген сауалнамаларға сәйкес, Ресей азаматтары Беларусь пен Қазақстанды ең жақын достас елдер деп санайды. Ал Қазақстандағы мұндай сауалнамалар жайында не айтуға болады?**

– Біздің елдің азаматтары үшін Ресей ең жақын мемлекет және солай болып қала береді. Екі халық арасындағы өзара сенім мен түсіністік ғасырлар бойы қалыптасты. Қиын-қыстау кезеңдерде біз әрдайым бірге болдық. Ресей мен Қазақстанның көптеген азаматын туыстық, достық және кәсіби байланыстар біріктіреді. Ресеймен арадағы қарым-қатынастарымыздың жақсы екенін жүргізілген әлеуметтік сауалнамалардан да анық көруге болады. Ұзақ жылдар бойы қазақстандықтардың сіздің мемлекетіңізге деген сенім деңгейі 75 пайыздан түспеген екен. Бұл – жоғары, ең маңыздысы – тұрақты көрсеткіш. Біздің қоғам Ресейді стратегиялық серіктес және одақтас деп қабылдайды.

**– Қазақстан, мәселен, Ресей мен Беларусь сияқты Одақтас мемлекеттің құрамына кіруі мүмкін бе? Мұндай Одақтас мемлекетке бірыңғай валюта, кеден, Бірыңғай парламент қажет бола ма? Әлде біздің бағытымыз Еуразиялық экономикалық одақты қандай да бір «Шығыс Еуроодағына» айналдыру ма? Бұл қаншалықты мүмкін? 10-20 жылдан кейін қандай болады деп ойлайсыз? Біздің ынтымақтастығымыздың, бірлескен жобаларымыздың қайсысының келешегі зор деп санайсыз?**

– Қазақстан Ресеймен және Беларусьпен екіжақты форматта да, интеграциялық бірлестіктер (ЕАЭО, ҰҚШҰ, ТМД) аясында да тығыз жұмыс жүргізіп келеді. Ресей мен Беларусь сияқты Одақтас мемлекеттің құрамына қосылу біздің жоспарымызда жоқ. Жоғарыда аталған ұйымдар аясында интеграцияны одан әрі дамыту басым бағытымыз болып қала береді. Еуразиялық Экономикалық Одақтың әлеуетін тек экономикалық одақ ретінде күшейтуге мүдделіміз. Кооперациялық байланыстарды дамыту, тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің және жұмыс күшінің ортақ нарығын құру, аталған одаққа мүше мемлекеттердің инвестициялық тартымдылығын арттыру арқылы ЕАЭО-ны жаһандық ауқымдағы тиімді құрылымға айналдыра алар едік. Бұл бағыттағы жұмыстар жүйелі түрде ілгерілеуде. 2025 жылға қарай ортақ энергетикалық және қаржылық нарық қалыптасады. Әсіресе, цифрлық ықпалдастық перспективалы бағыт болмақ. Кейде ЕАЭО-да, тіпті ең жоғары деңгейде, қызу пікірталастар болады, бірақ бұл талқылаулар одақты неғұрлым табысты, беделді, тартымды етуге деген ортақ талпынысты білдіреді. Ал оған немқұрайды қарау – анық деградацияның белгісі.

**– Нұрсұлтан Назарбаевтың орнына Президент болып сайланған сәтіңізден бері бір жылдан астам уақыт өтті. Бірақ ол үлкен саясаттан кеткен жоқ. Кейбір саясаттанушылар Қазақстанда қос билік пайда болды деген пікір айтып жүр.**

– Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев – қазіргі Қазақстанның негізін қалаушы, ауқымы кең тарихи тұлға. Жақында (6 шілде күні) біз Елбасының 80 жасқа толған мерейтойын атап өтеміз. Әрине, оның еліміз бен халықаралық қауымдастық алдындағы еңбегі жөнінде айтамыз. Біз үшін оның тарихи және саяси мұрасын сақтап қалу маңызды. Бұл Қазақстанның мемлекеттілігін нығайту үшін аса қажет. Сондықтан, менің сайлауалды бағдарламамның алғашқы пункті сабақтастық деп аталды. Қазіргі күрделі жағдайда Н.Назарбаев менің дағдарыстан жедел шығу, жаңа экономика құрып, азаматтарға материалдық көмек беру жөніндегі бағытыма нақты қолдау көрсетті. Ешқандай қос билік жоқ. Бұл туралы Нұрсұлтан Әбішұлының өзі де бірнеше рет айтты және қоғамды қазіргі Президенттің айналасына бірігуге шақырды.

**– Мемлекет – сонда өмір сүріп жатқан халықтардың отбасы. Қазіргі уақытта Қазақстанда қанша орыс тұрады және олардың құқықтары қаншалықты қорғалған?**

– Біздің пікірімізше, этносаралық келісім – ішкі саяси тұрақтылықтың маңызды факторы. Онсыз елдің орнықты дамуы мүмкін емес. Қазақстан – Ресей тәрізді көпұлтты мемлекет. Мен мұны үлкен стратегиялық артықшылық деп санаймын. Біз «Бірлік – саналуандықта» қағидатын ұстанамыз. Шын мәнінде, қазақстандықтар этникалық шығу тегіне қарамастан, өздерін бірыңғай халық, біртұтас ұлт санайды. Қазақстанда «аз ұлттар» деген түсінік жоқ. Қазақстанда 3,5 миллионнан астам орыс тұрады. Жалпы халық саны бойынша олардың үлесі шамамен 19% құрайды. Елімізде тұратын орыстар біздің халқымыздың ажырамас бөлігі саналады және барлық құқықтарға ие. Жақында шетелдік аналитикалық материалдардың бірінен «Қазақстандағы орыс диаспорасы» деген сөзді көзім шалып қалды. Шындыққа қайшы келетін мұндай сөздерді мүлдем қолданбау туралы өзіміздің идеологтар мен сарапшыларға ескерттім. Орыстар – біздің халқымыздың бір бөлігі. Олар Қазақстанның қалыптасуына, дамуына зор үлес қосты. Оны ұмытуға болмайды. Көптеген орыс есімдері біздің тарихымызда алтын әріппен жазылған: Григорий Потанин, Павел Зенков, Евгений Брусиловский, Александр Затаевич, Александр Бараев, Сергей Луганский, Иван Шухов, Иван Панфилов, Иван Павлов, Николай Макиевский. Бұлардан бөлек, басқа да көптеген азаматтар бар. Олар – Қазақстанның мақтанышы. Геннадий Головкин, Александр Винокуров, Ольга Рыпакова секілді қаншама атақты спортшыларымыз әлемнің спорт ареналарында Қазақстанның намысын қорғап, абыройын асқақтатып жүр.

**– Ресей мен Қазақстан – әлемдегі ірі астық өндіруші әрі экспорттаушы елдер. Бағаны үйлестіру үшін «Астық саласындағы ОПЕК» құру бастамасына қалай қарайсыз?**

– Ресей мен Қазақстан әлемдегі бидай экспорттаушы елдердің алғашқы ондығына кіреді. Әлемдік бидай экспортындағы біздің үлесіміз 3% құрайды. ОПЕК-тің шешімдері мұнай бағасының қолайлы болуына қол жеткізу үшін өндіріс көлемін тежеуге бағытталғаны белгілі. «Астық саласындағы ОПЕК» құру астық нарығының тұрақтылығын қамтамасыз етуге және астықтың бағасына қатысты саясатты үйлестіруге бағытталған қызықты бастама болуы мүмкін. Дегенмен, астық нарығының өз ерекшелігі бар. Ауа райы мен егін түсімі бағаға елеулі ықпал етеді. Қазақстанды қоса алғанда, бірқатар елдің теңізге тіке шыға алмауына байланысты нақты сауда-саттық шектеулер болады. Мұндай шекті бағалардың енгізілуінен аталған елдер зардап шегуі мүмкін. Содан кейін мұндай картель құру барысында астық өндірісі шағын мемлекеттердің мүдделерін ескеру керек. Сондай-ақ «Астық саласындағы ОПЕК» құру ісінде оның ДСҰ стандарттарына сәйкес келуін де ойлану қажет. Дегенмен, осы тұжырымдаманың өзі мүдделі мамандардың талқылауына әбден лайық.

**– Бір жыл бұрын «Комсомольская правда» газетінің арнаулы тілшісі Дмитрий Стешин Қазақстанды аралап жүріп, Сіздің еліңіздегі орыс азаматтармен сөйлесіпті. Сонда олардың көпшілігі елді мекендердің атауын өзгерту белең алғанын, билік органдарына қызметке тұру барысында славян жұртшылығы өкілдерінің қандай да бір қиындықтарға тап болатыны секілді тенденцияларды атап өтіпті.**

– Тұтас елді мекендердің атауын жаппай өзгерту жүріп жатқан жоқ. Бірқатар елді мекендер мен көшелердің байырғы атаулары қайтарылып жатыр. «Тепловозная», «Приканальная» секілді Совет дәуірінен қалған және жергілікті тұрғындар арасында танымал емес, үндеспейтін атаулар, топонимдер тарих қойнауына жіберілді. Әрбір атауды өзгерту алдында түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, тарихи негіздеме, сауалнамалар мен жиналыстарда айтылған азаматтардың пікірлері ескеріледі. Билік орысша атаулардың бәрін алып тастауды мақсат етпейді. Жақында ғана Қарағандыда Григорий Потанин мен Александр Затаевич көшелері пайда болды. Мемлекеттік қызметке тұрғысы келетіндерді кемсіту туралы пікірмен де келісе алмаймын. Бүгінде славян және өзге де этникалық топ өкілдері үкіметтік мекемелерде, Парламентте және мәслихаттарда қызмет етіп отыр. Орыстар шағын және орта бизнесті, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын дамытуға елеулі үлес қосуда. Конституция бойынша орыс тілі мемлекеттік органдарда ресми түрде қолданылады.

**– Екінші жағынан алып қарасақ, Қазақстандағы орыстар негізінен солтүстік және шығыс өңірлерде шоғырланған. Кейбір сарапшылар Қазақстанда Қырым немесе Донбасс сценарийінің қайталануы туралы «болжам жасап жүр».**

– Жалған сарапшылардың мұндай болжам жасауына ешқандай негіз жоқ. Бәлкім, мұның бәрі Қазақстандағы жағдайды тұрақсыздандыруға және мемлекеттеріміз арасындағы тату көршілік, одақтастық қатынастарды бұзуға бағытталған болуы мүмкін. Мұндай болжамдарды тек біліксіз, өзгелердің көлеңкесіне жасырынатын адамдар ғана айтуы мүмкін.

**– Қазақстанда кириллицадан латын әліпбиіне көшу процесі жүріп жатыр. Біздің көпжылдық ортақ тарихымызды, мәдени-рухани жақындығымызды ескерсек, бұл Ресейде белгілі бір деңгейде алаңдаушылық тудырып отыр...**

– Бұл үдерісті біздің Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев «Рухани жаңғыру» тұжырымдамасы аясында көтерді. Ол латын қарпіне көшудің тек қазақ тіліне қатысты екенін, орыс тілінің жағдайына әсер етпейтінін бірнеше рет мәлімдеді. Жаңа технологиялардың жедел енгізілуіне байланысты жаһандық ақпараттық кеңістік те қарқынды түрде өзгеріп келеді. Негізгі ақпараттар латын графикасына негізделгендіктен, біздің балаларымыз жаңа жағдайға бейімделуі керек. Қазақ әліпбиін жаңғырту қазақ тілінің коммуникациялық мүмкіндіктерін арттыру ниетінен туындаған. Сонымен қатар біз Орталық Азия мемлекеттерінің тәжірибесін ескере отырып, латын қарпіне біртіндеп көшеміз. Қолдан жеделдетуге жол берілмейді. Себебі, мұнда кириллицадан латынға жай ғана көшу емес, қазақ тілінің орфографиясын қайта құру жөнінде айтылып отыр. Одан бөлек, қазақ әдебиетінің классиктерінің барлық маңызды еңбектері кириллицада жазылғанын, көптеген қазақ ұрпақтарының кирилл әліпбиінде білім алғанын және қазір де оқып жатқанын естен шығаруға болмайды. Асығыс қадам жасау мұндай үлкен іске зиянын тигізіп, шалыс бастыруы мүмкін. Сондықтан бұл мәселені ақылға салып, парасаттылықпен шешу керек.

**– Қазақстан салық саясаты және мемлекеттің бизнеспен қарым-қатынасы саласында алдыңғы қатарлы елдің бірі болып отыр. Кезінде Ресеймен бірге «Совет шинелінен» шыққан өзге де ТМД елдері үлгі аларлықтай Қазақстанның экономикалық жүйесінің мықты тұстары қандай?**

►►*2-бетте*

# СӘТ САПАР, ЖАС ТҮЛЕК!

**Әрбір мектеп бітіруші түлектің өмірінде бір-ақ рет болатын айрықша сәт мектеп бітіру салтанаты үлкен өмірге аттанар есік қақпасы іспетті екені белгілі. Осынау айтулы күнді жезқазғандық өрендер де қимастықпен қарсы алды.**



2019-2020 оқу жылында қала бойынша 1 881 оқушы 1-сынып табалдырығын аттаған болса, 502 түлек 11-сыныпты бітірді. Оның 37-сі «Алтын белгі» иегері, 23-і «Үздік аттестатпен» марапатталды. Тек биыл түлектерге ақжол тілеп, аттестат тапсыру салтанаты жылдағыдан өзгеше болды. Карантин жағдайына байланысты оқушылар арасындағы арақашықтық қатаң сақталып, сырттан қонақ шақырылмады. Іс-шараға қатысатын ұстаздар саны да 10 адамнан аспады. Шектеуге байланысты, тіпті түлектердің ата-аналары да бұл рәсімге қатыса алмады.

Аталған думанды күнді қаламыздағы маңдайалды білім ошағы № 8 қазақ гимназиясы да өз мәнінде ұйымдастыра білді. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы әкеліні, Әнұраны шырқалумен басталған кешті ашып берген мектеп директоры Сара Әбдікерова түлектерге алдыңғы Ұлттық бірыңғай тестілеу сынағында сәттілік тілеп, үлкен өмір арнасында жолдары ашық болуын тіледі.

Жалынды жастардың жүрек түпкіріндегі қимастық сезімдері мен алғыстары баяндалатын әсем әндерді шырқап, мың бұрала флешмоб билеген жастар мерекесі 11 жылдық жиған-терген білімінің көрсеткіші – аттестат тапсыру салтанатымен жалғасты.

Аталған білім ордасын биыл 48 түлек тәмамдады. Білім бәйгесінде тек қана биіктерден көрінген Ұлдана Ертаева, Дамир Төлепқалиев, Мадина Марлыбекова және Дина Қараторғаева «Алтын белгі», Балым Қоңырова мен Дана Шәмшиеваға «Үздік аттестат» иегерлері атанды.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# АПАТТЫ ҮЙЛЕР МӘСЕЛЕСІ

***шешімін таба бастады***

**Былтырдан бастап көптен бері айтылып жүрген апатты үйлердің мәселесі оң шешімін таба бастағаны белгілі. 2019 жылы Жеңіс көшесіндегі 11-үйдің тұрғындарына өтемақы төленсе, биыл тағы 9 апатты үйдің мәселесі шешілмек.**

Бүгінгі таңда Абай көшесіндегі №№61,67, Сейфуллин көшесіндегі 4-үй (2-кіреберіс), Шевченко көшесіндегі №№7, 9, 13, 17 және Байқоңыров көшесіндегі №№24,38 тозығы жеткен үйлердегі пәтерлер бағаланып жатыр. Осы ретте қазір апатты үйдің пәтерлерінде тұрмайтын пәтер иелері Жезқазған қаласының тұрғын үй инспекциясына **8(7102) 737772, 735613** телефон нөмірі бойынша хабарласуы қажет.

ҚР «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңына сәйкес жалғыз тұрғын үйі авариялық жағдайға түскен тұрғындарға коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үй беріледі. Бірақ, Жезқазғанда үйі апатты бола тұра тұрғын үй алу кезегіне тіркелмеген қала тұрғындары бар көрінеді. Осы ретте Жезқазған қаласының тұрғын үй инспекциясының басшысы Алиса Сағымбаева апатты тұрғын үйлердегі баспана иелерін «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы немесе веб-портал арқылы онлайн режимінде өтініш беруге шақырады.

Қазіргі уақытта ескірген үйлердің пәтер иелеріне ақшалай өтемақы берумен қатар, «Сарыарқа» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы жаңадан салынған жайлы үйлерден пәтер сатып алу мүмкіндігін ұсынып отыр. Апатты үйлердің тұрғындарына жеңілдік те қарастырылған. Үй алу үшін тұрғынның банкте жинақтаған қаржысы болуы шарт емес. Баспанаға берілген өтемақыны алғашқы жарна ретінде салып, 25 жылға дейін пайызсыз бөліп төлеу арқылы баспаналы бола алады.

Жалпы, техникалық зерттеулерге сәйкес Жезқазған қаласында қалпына келтіруге жарамайтын 17 апатты көппәтерлі тұрғын үй бар. Биыл 9 үйдің мәселесі шешілсе, 2021 жылы қалған 8 тұрғын үйдің тұрғындары көшіріліп, коммуналдық баспана немесе өтемақы беріледі.

**Диана ОРАЗАЛИНА**


**«SARYARQA» АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІНЕ 2020 ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛУ БАСТАЛДЫ**

***Құрметті оқырман!***

**Жезқазған-Ұлытау аймағының ақпарат айнасы «Saryarqa» газетіне 2020 жылдың екінші жарты жылдығына жазылу басталғанын хабарлаймыз.**

**Екінші жарты жылдыққа жазылу бағасы**

*Жеке тұлғалар үшін*

**Мекенжайға жеткізіп беру – 2000 теңге;**

**Редакциядан келіп алу – 1500 теңге;**

*Заңды тұлғалар үшін*

**Мекенжайға жеткізіп беру – 3500 теңге;**

**Редакциядан келіп алу – 3000 теңге.**

**«САРЫАРҚА газеті редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**

***БИН 050340007333***

***ИИК KZ098560000005225027***

***АО «Банк ЦентрКредит»***

***БИК KCJBKZKX***

**І.Есенберлин көшесі, 63/3**

***Қосымша ақпарат үшін байланыс телефондары:***

***8 7102 71 00 55, 77 50 25***

SARYARQA-АҚПАРАТ

## ЕҢБЕК және ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ БІРІНШІ ВИЦЕ-МИНИСТРІ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

**Ақмәди Сарбасов ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министрі болып тағайындалды.**



Ақмәди Сарбасов 1977 жылы Батыс Қазақстан облысында дүниеге келген.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін және Еуразия гуманитарлық университетін тәмамдаған.

Еңбек жолын 1994 жылы бастады. Түрлі жылдары ҚР Әділет министрлігінің, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің құрылымында жұмыс істеді.

2017 жылдан 2019 жылғы сәуір айына дейін — ҚР ЕХӘҚМ Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің төрағасы — ҚР бас мемлекеттік еңбек инспекторы.

2019 жылғы сәуір айынан қазірге дейін ҚР еңбек және әлеуметтік қорғау вице-министрі болып еңбек етті.

## «ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» АКЦИЯЛАРЫ ҚАЗАҚСТАН АЗАМАТТАРЫНА САТЫЛАДЫ

**«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ активтерді дамыту және жекешелендіру жөніндегі тең басқарушы директор Ержан Тұтқышев «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ акцияларын нарыққа шығару бойынша түсінік берді.**

Qazaqstan Respýblikasy Prezidentiniń joldaýy

– Өздеріңіз білесіздер, «Қазатомөнеркәсіп» ҚР Үкіметі бекіткен жекешелендіру тізіміне еніп отыр. Осы орайда құнды қағаздардың ұйымдастырылған нарығында 25 пайызға дейінгі акцияларды сатуға рұқсат етілген. 2018-2019 жылдары «Самұрық-Қазына» қоры 25 пайыздың ішіндегі 18,8 пайыз акцияны сәтті орналастырды. Ал қалған 6,28 пайызы орналастырылмаған еді, – деп тоқталды Е. Тұтқышев онлайн режимде өткен брифингте.

Оның сөзіне қарағанда, соңғы бірнеше айда күрделі макроэкономикалық жағдай қалыптасып, бұл өз кезегінде көптеген компаниялардың жұмысына елеулі әсер етті. Алайда, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ бұл белесті операциялық әрі қаржылық тұрғыда сенімді еңсерген.

– Сондықтан компанияның қаржылық және табыс көрсеткіштері, акция кодировкалары айтарлықтай жақсы деңгейде болды. Жаһандық нарықтардың қалпына келуіне қарай, «Самұрық-Қазына» қоры 6,28 қосымша пакетімен шығу мүмкіндігін пысықтады. Осы пакетті өткізу үшін өтінімдерді жеделдетіп жинақтау әдісі таңдалды. Бұл тұрғыда бірнеше сағат ішінде инвесторлар пулын қалыптастыру мүмкін болды, сондай-ақ олар көрсетілген дәрежеден екі есе артық ұсынды, – деді басқарушы директор.

Оның айтуынша, өтінімдерді жинақтау нәтижесінде «Самұрық-Қазына» 206 млн АҚШ доллары сомасына акция орналастырды. Оның құны жаһандық депозитарлық қолхат үшін 13 доллар немесе бір акция үшін 5 230 теңгеге бағаланып отыр.

– 3 маусымда сағат 14:00-ден бастап Қазақстан азаматтарына, яғни жеке тұлғаларға арналған жеке транш ашылды. Тұрғындар осы акцияларды халықаралық әрі қазақстандық заңды тұлғаларға ұсынылған талаптар бойынша алады. Қазақстан азаматтары үшін өтінімдерді жинақтау бірнеше күнге созылады, яғни 8 маусым күні сағат 16:00-де аяқталады. Жекешелендіруден түскен барлық қаржы Үкімет тапсырмасына сәйкес, ҚР Ұлттық қорына бағытталады, – деді Тұтқышев.

Осылайша, «Самұрық-Қазына» қоры акциялардың 75 пайызына иелік етеді.

## ЖҰМЫС ІЗДЕГЕН 5 МЫҢНАН АСТАМ АДАМ EGOV.KZ ПОРТАЛЫНА ТІРКЕЛДІ

**5091 адам «Электрондық үкімет» порталында жұмыс іздеп жүрген адам ретінде тіркелген.**

Қызметті алу үшін порталдың басты бетінде «Жұмысқа орналастыру және жұмыспен қамту» бөліміне өту, одан әрі «Жұмыс іздеген адамдарды тіркеу» қызметін таңдау және қызметке онлайн тапсырыс беру қажет. Кез келген ыңғайлы тәсілмен авторизациядан кейін (логин мен пароль, ЭЦҚ, SIM-картадағы ЭЦҚ, бір реттік пароль, Digital-ID, QR-код) өзі туралы ақпаратты толтыру және сұрауға ЭЦҚ арқылы қол қою қажет.

Жұмыс іздеп жүрген адам ретінде тіркелгеннен кейін бір жұмыс күні ішінде халықты жұмыспен қамту орталығының қызметкерлері лайықты бос жұмыс орнын іздеуді жүзеге асыратын болады. Егер жұмыс табылмаса, өтініш берушіге қашықтықтан жұмыссыз мәртебесі беріледі. Егер бұл ретте жұмыссыз азамат міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушысы болып табылса, ол жұмысты жоғалту бойынша төлемге үміткер бола алады, ол SMS арқылы проактивті түрде тағайындалады.

– «Жұмыс іздеп жүрген адамдарды тіркеу қызметін» халықты жұмыспен қамту орталықтарында да алуға болады. Алайда коронавирус пандемиясы көптеген қызметтерді үйден шықпай-ақ онлайн алуға болатынын дәлелдеді. Мысалы, egov.kz немесе SMS арқылы. Бұл өте ыңғайлы, өйткені бір жерге барудың, құжаттарды жинаудың, оған уақыт жұмсаудың қажеті жоқ. Цифрлық технологиялар көптеген процестерді онлайн өзара іс-қимылға ауыстырады, осылайша адам факторының әсерін төмендетіп, жемқорлық тәуекелдерін азайтады, – дейді ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Нариман Мұқышев.

Естеріңізге сала кетейік, жұмыспен қамтуды цифрландыру аясында онлайн түрде жұмыс табуға мүмкіндік беретін «Электрондық еңбек биржасы» және барлық мәліметтер жүйеде сақталады.

Сондықтан, азаматтардың жұмысқа орналасуына жұмсайтын уақытын үнемдеуге мүмкіндік беретін «Еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесі» жобасы жүзеге асырылуда.

# ЭТНОСАРАЛЫҚ КЕЛІСІМ – ІШКІ САЯСИ ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫҢ МАҢЫЗДЫ ФАКТОРЫ

***Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Комсомольская правда» газетіне берген сұхбаты***

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

– Салық жүктемесін жеңілдету, бұл – Қазақстанның да, Ресейдің де алдына қойып отырған стратегиялық мақсаты. Бұл – экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттырып, инвестициялық ахуалдың тартымдылығын қамтамасыз етудің маңызды факторы. Қазақстандағы салық мөлшерлемесі ТМД елдерімен салыстырғанда төмен. Бұл жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың табыстарына салынатын салықтарға, қосымша құн салығын, жеке тұлғалардың табыс салығын қамтиды. Сонымен қатар, Қазақстан мен Ресейдің салық жүйесі көптеген дамыған елдерге қарағанда біршама оңтайлы, ең алдымен, ол шағын және орта бизнесті қолдауға бағытталған. Кәсіпкерлердің қазынашылық органдарымен байланысының минималды деңгейде болуы – біздегі салық жүйесінің артықшылығы. Салықтық әкімшілендіру рәсімдерін ақпараттық жүйе арқылы жүзеге асыруға болады және бұл қажетті шара. Қазақстандағы салық органдарына кәсіпкерлік қызметке араласуға заң бойынша тыйым салынған. Салықтың арнайы режимдерін қоса алғанда, кәсіпкерлерге түрлі салық жеңілдіктері ұсынылған. Біз микро және шағын бизнес субъектілерін үш жылға табыс салығын төлеуден босаттық, салықтық тексеру жүргізуге мораторий де жарияланды.



**– Ал Қазақстан Ресейдің қандай тәжірибесін үйренгісі келеді?**

– Ресейдің кедендік операцияларды цифрландыру және салықтық әкімшілендіру ісіндегі айқын жетістігін көріп отырмыз. Кеден органдары адамның араласуын мүлдем дерлік болдырмайтын технологияларды – декларацияларды автоматты түрде тіркеуді және шығаруды енгізді. Осы ретте Қазақстан Ресейдің зияткерлік бақылау-өткізу бекеті моделіне қызығушылық танытып отыр. Салықтық әкімшілендіруді цифрландыру саласында Ресей әлемде жетекші орынға ие. Сіздердің салықтық бақылауды күшейту және үлкен деректер технологияларын қолдану тәжірибелеріңізге де ерекше мән беруге болады.

**– Сіздің елде бизнес жүргізу ыңғайлы болғандықтан, ресейлік кәсіпкерлердің өз компанияларын Қазақстанда белсенді тіркеп жатқаны белгілі. Осыған байланысты қазіргі ахуал қандай және ресейлік бизнес Қазақстан экономикасы үшін қаншалықты тиімді?**

– Ресей – Қазақстанның негізгі сауда-экономикалық серіктесі. Ресейден Қазақстанға тартылған тікелей инвестиция көлемі 15,7 миллиард долларды құрады. 2019 жылы екіжақты тауар айналымы 2018 жылмен салыстырғанда 6,2% артып, 20 миллиард долларға жуықтады. Қазақстанда 7 мыңнан астам ресейлік компания мен екі елдің 3,5 мыңға жуық бірлескен кәсіпорындары табысты жұмыс істеп жатыр. Экономиканың басым салаларында бірлескен жобалар белсенді іске асырылуда. Мәселен, 2018 жылы Ресейдің ірі «Полиметалл» компаниясы инвестиция көлемі 418 миллион доллар болатын «Бақыршық» тау-кен өндіру кәсіпорнын іске қосты. Жалпы құны 6,6 миллиард долларды құрайтын 53 инвестициялық жобаны бірлесіп жүзеге асыру жоспарланып отыр. Былтыр сәуір айында біз өндірістік кооперация саласындағы бірлескен іс-қимыл бағдарламасын қабылдадық. Ал қазан айында бағдарламаның алғашқы жобасының аясында Қостанайда «Кировец» тракторларын шығару жұмысы басталды. Зауыттың қуаттылығы жылына 500 тракторға дейін жасап шығаруға жетеді. Біз Ресеймен мұнай-газ, мұнай-химия және басқа да қайта өңдеу үлесі жоғары өнім шығаратын салаларда ынтымақтастықты дамытуға ниеттіміз. Каспий қайраңында теңіздегі мұнай-газ жобалары бойынша ынтымақтастығымыз нығайды. Қазақстан Ресейге стратегиялық серіктес ретінде сенім артады. «Лукойл» компаниясы да біздің елде табысты жұмыс істеуде. Бұдан бөлек, Қазақстанда инвестициялық жобаларды жүзеге асырып жатқан ресейлік бизнеске қолдау көрсетеміз. Осындай өзара ынтымақтастықтың нәтижесінде өндірісті Қытай мен Орталық Азия нарықтарына шығарамыз деп үміттенеміз. Биылғы күзде Қазақстан-Ресей форумын өткізу жоспарланған. Онда аймақтық экономикалық ынтымақтастық жөнінде бірқатар шешім қабылданады. Осы мәселеге және екіжақты ынтымақтастықтың тұтас кешеніне ұдайы назар аударып отырғаны үшін Президент Владимир Путинге ризашылық білдіремін.

**– Қытайдың Орталық Азиямен қарым-қатынастары қаншалықты тығыз? «Қытай экспансиясы», ҚХР тарапынан төнетін қауіп бар ма?**

– Орталық Азия, Қытай және Ресей халықтары ғасырлар бойы бір-бірімен белсенді сауда жасасып, рухани ілім-білімдерін алмасып келеді. Сондықтан Ұлы Жібек жолы аймақтың тарихи символына айналды. Орталық Азияның геостратегиялық орналасуы мен оның ауқымды әлеуеті әлемдік қауымдастықтың және Қытайдың да назарын өзіне аудартып отырғаны сөзсіз. «Бір белдеу – бір жол» бастамасы Орталық Азияда тартымды жобаларды қолға алуға мүмкіндік берді. Олардың көпшілігі Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкі мен Жібек жолы қорының көмегімен жүзеге асырылды. Әрине, «Бір белдеу – бір жолдың» құрлықтық құрамын Қытай мен Еуропаны, Таяу Шығысты байланыстырып отырған Қазақстан және аймақтағы басқа да елдерсіз елестету мүмкін емес. Қытайдан тартылған инвестиция мен екіжақты сауда көлемі тұрақты түрде өсіп келеді. 2018 жылы аймақтың бес еліне жинақталған Қытайдың тікелей инвестициясы 15 миллиард долларға жуықтады. Былтыр Орталық Азияның Қытаймен жалпы тауар айналымы 33 миллиард доллардан асты. Екі тарап та сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықты дамытуға мүдделі. Сондықтан «Қытай экспансиясы» туралы пікір істің нақты жағдайына сәйкес келеді деп ойламаймын.

**– Қазақстан мен Қытай арасындағы ынтымақтастықты одан әрі дамытудың келешегі қандай деп ойлайсыз?**

– Қытаймен ынтымақтастықты дамытуда Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев жемісті еңбек етті. Қазіргі уақытта екі мемлекет арасындағы қарым-қатынастар ұзақ мерзімді стратегиялық серіктестік деңгейіне жетті. Жоғары саяси деңгейдегі байланыстардың оң қарқыны қалыптасты. Былтыр қыркүйек айында Си Цзиньпинмен жүргізілген келіссөздер барысында екі ел арасындағы ынтымақтастықтың басым бағыттарын айқындайтын Бірлескен мәлімдеме қабылданды. Біз халықаралық және аймақтық ұйымдарда (БҰҰ, ШЫҰ, АӨСШК) тығыз жұмыс істейміз. Қытай – Қазақстанның маңызды экономикалық серіктесі. 2019 жылы екіжақты тауар айналымы 14,5 миллиард долларға жетті. COVID-2019 пандемиясымен күрестегі ынтымақтастық пен көрсетілген өзара көмекті серіктестік тарихындағы жарқын сәт деп айтуға болады. Қазақстан Уханьға медициналық гуманитарлық көмек жіберді. Телефон арқылы сөйлескенімізде Төраға Си Цзиньпин «Дос басыңа іс түскенде танылады» деген мақалдың дәл осындай сәтте өзекті екенін айтты. Коронавирус толқыны Қазақстанға келгенде Қытай тарапы да дереу гуманитарлық көмек көрсетіп, Қазақстанға білікті мамандар тобын жіберді.

**– Қазақстанда АҚШ-тың әскери базасының пайда болуы мүмкін бе?**

– Қазақстанда АҚШ-тың әскери базасын салу талқыланып жатқан жоқ және бұл мәселе күн тәртібінде тұрған жоқ. Сонымен бірге, Қазақстан мен Америка Құрама Штаттары арасындағы ынтымақтастық энергетика, инвестиция, технология сияқты стратегиялық салаларда табысты дамып келеді. Біз қарусыздану және ядролық қаруды таратпау мәселелері бойынша ұдайы байланыстамыз. Оған қоса, біз Алматыдағы бұрынғы обаға қарсы институт базасында биологиялық қауіпсіздік саласы бойынша да жұмыс істедік. Бірақ қазір келісімшарттың аяқталуына байланысты америкалықтар зертханадан кетіп, онда тек қазақстандық мамандар бюджет қаражаты есебінен жұмыс істейді. Осы саладағы зерттеулердің өзектілігін ескере отырып, біз ресейлік мамандармен де тығыз ынтымақтастық орнатуға дайынбыз.

**– Байқоңырдың қазіргі тыныс-тіршілігі қалай? Адамзаттың ғарышты бағындырудағы басты әлемдік ғарыш айлағының болашағы қандай болмақ? Онда Ресейге орын бар ма?**

– Ғарыш саласындағы бірлескен өзара іс-қимылдар мен Байқоңыр қаласын бірлесіп дамыту ісі – Қазақстан мен Ресейдің көпжақты ынтымақтастығының айқын көрінісі. Ғарыш айлағының тіршілігі мен оның тиімді даму мәселелерін Үкіметаралық комиссия қарастырады. Әсіресе, байланыс, телевизия және ғылыми зерттеулер саласында қолданылатын азаматтық ғарыш аппараттарын құру мәселесіне басымдық беріледі. «Гагарин старты» жобасы бойынша бірлескен жұмыстар атқарылуда. Ғарышқа жол ашқан осы тарихи алаңды жаңғыртуға Қазақстан, Ресей және БАӘ инвесторлары қаражат салуға ниетті. «Бәйтерек» бірлескен жобасының мақсаты – улы отынмен ұшырылатын «Протон» зымыранының орнына экологиялық қауіпсіз тасымалдаушы аппарат ұшыруға арналған зымыран-ғарыштық кешенін құру. Екі ел экономикасының дамуына айтарлықтай үлес қоса алатын «Байқоңыр» еркін экономикалық аймағын құру туралы Қазақстанның бастамасын ерекше атап өткім келеді. Биыл қазан айында ғарыш айлағының салынғанына 65 жыл толады. Біздің елдеріміз бұл атаулы датаны лайықты дәрежеде атап өтуі керек деп санаймын. Өйткені Байқоңыр – бүкіл адамзаттың игілігі. Оның әлемдік космонавтикадағы тарихи рөлі зор.

**– Мазмұнды және қызықты жауаптарыңыз үшін рахмет! Сөз соңында «Комсомольская правда» газетінің ұжымы мен оқырмандарына қандай тілек айтар едіңіз?**

– Осы сәтті пайдалана отырып, «Комсомольская правда» ұжымын газеттің 95 жылдық мерейтойымен құттықтаймын. Мен дамыған социализм дәуірінде де, тоқырау кезеңі мен сәтсіздікке ұшыраған қайта құру заманында да, сондай-ақ, КСРО құлдыраған кезде де «Комсомолканы» қызығып оқитынмын. Қазір де солай. «Комсомолканың» 95 жылдық тарихының кем дегенде 45 жылы менің көз алдымда өтті десем, артық айтқандық емес. Бұл факт көп нәрсені аңғартады деп ойлаймын. Келешекте газеттеріңіз екі халық арасындағы достықты одан әрі нығайтуға елеулі үлес қосады деп сенемін. Сіздерге шығармашылық табыс, оқырмандарыңызға амандық, бақ-береке тілеймін.

ПРОКУРАТУРА ХАБАРЛАЙДЫ

# АЛАЯҚТАРДАН САҚ БОЛЫҢЫЗ!

**Статистикалық мәліметтерге сәйкес 2020 жылдың өткен кезеңінде Жезқазған қаласы бойынша 48 алаяқтық фактісі тіркелді.**

Алаяқтық, яғни бөтеннің мүлкін жымқыру немесе алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен бөтен мүлікке құқықты иемдену. Соңғы уақытта жиі алаяқтық әртүрлі ақпараттық жүйелерді (мобильді банкинг және т.б.) пайдалану жолымен, оның ішінде интернет-ресурстар арқылы жасалуы кең таралуда.

Алаяқтық құрбандарының санын көбейтуді болдырмау үшін азаматтарды аса қырағы болуды және келесі ұсынымдарды сақтауды сұраймыз:

– үйге бейтаныс адамдардың кіруіне жол бермеңіз (қандай да бір мемлекеттік органдардың, бизнес ұйымдардың және т.б. қызметкерлері болып танысуы мүмкін) және оларды Сіздің үйіңіздің аумағында қараусыз қалдырмаңыз;

– бейтаныс адамдардан тек «жақында ғана айналымға түсті» делінген жаңа банкноттармен айырбас жасамаңыз;

– бейтаныс адамдардан кез келген тауарларды сатып алған кезде, ешқашан алдын ала ақша бермеңіз (кепіл ретінде), ал сату кезінде әрқашан ақшаны қайта есептеңіз және алынған банкноттардың шынайылығын тексеріңіз;

– жылжымайтын мүлікті сатып алу кезінде әрдайым (ХҚКО-да) оларда тыйым салу мен басқа да шектеулердің бар-жоғын тексеріңіз, сатып алу-сату шартын нотариус арқылы растаңыз;

– Сізге телефон арқылы (немесе тікелей) хабарлаған бейтаныс адамдарға сіздің туысыңызда пайда болған мәселелерді (оның ішінде қылмыстық қудалауға байланысты) ақша арқылы шешу туралы мәселеге сенбеңіз және бермеңіз.;

– егер Сіз бағалы жүлдені ұтып алу туралы СМС хабарлама алған жағдайда, алайда оны жеткізу үшін белгілі бір соманы төлеу қажет немесе сіз «арзан» (өте төмен) баға бойынша интернет-дүкеннен тауарды сатып алуды шешсеңіз, ешқашан бейтаныс тұлғаларға электрондық шоттарға ақша жібермеңіз (экспресс-төлем терминалдары немесе электрондық Qiwi-кошелек және т. б. арқылы);

– егер Сізге картаңыз бұғатталғаны туралы СМС хабарлама келіп түссе және Сізге жауап СМС-хабарлама жіберу немесе белгілі бір нөмірге қоңырау шалу қажеттігі туралы көрсетілген болса, ондай әрекеттерді жасамаңыз. Осы факті бойынша картаңызға қызмет көрсететін банкке хабарласыңыз (банктің телефоны сырт жағында көрсетілген).

– музыканы, бейнені немесе бағдарламаларды жүктеу сілтемесімен СМС хабарлама алып, сілтемеге ауыспаңыз, өйткені Сіз телефонға «вирус» (зиянды бағдарлама) немесе ақылы қызметтерге жазылымды рәсімдеуіңіз мүмкін;

– авиабилеттерді сатып алу кезінде тексерілмеген немесе белгісіз сайттардың қызметтерін пайдаланбаңыз;



– Жеке басыңызға қатысты ақпаратты ашық қолжетімділікке (интернет немесе әлеуметтік желілерде және т.б.) орналастырмаңыз, себебі өзіңізге зиян келтіруі мүмкін.

Егер Сіз алаяқтардың құрбаны болған жағдайда қылмысты «ізін суытпай» ашу мүмкіндігі болу үшін, дереу құқық қорғау органдарына (мысалы, «102» телефоны бойынша полицияға) хабарласыңыз.

**Жезқазған қаласы прокуратурасы**

СЕССИЯ

Внеочередная XXXXVIII сессия Жезказганского городского маслихата VI созыва состоится **13 июня 2020 года в 11.00 часов** в большом зале на 10 этаже в здании акимата и маслихата с повесткой дня:

1.Об утверждении Правил оказания социальной поддержки и установления размера по оплате коммунальных услуг и приобретению топлива специалистам государственных организаций здравоохранения, социального обеспечения, образования, культуры, спорта и ветеринарии, проживающим и работающим в сельских населенных пунктах города Жезказган

2. О признании утратившим силу решения Жезказганского городского маслихата от 27 сентября 2016 года №4/50 «Об утверждении Правил выдачи служебного удостоверения» государственного учреждения «Аппарат Жезказганского городского маслихата» и его описание»

3.Разное

**Председатель сессии С.ФИЛИПОВИЧ**
**Секретарь городского маслихата С.МЕДЕБАЕВ**

# ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛ

## *өзектілігін жоймай тұр*

**Өткен аптада «Дидар» телеарнасының тікелей эфиріне шыққан қала басшысы Қайрат Бегімов Жезқазғандағы эпидемиологиялық жағдай мен карантин талаптарының орындалысы жайлы баяндап, жерлестерін өз өміріне асқан жауапкершілікпен қарауға үндеді.**




Қазақстандықтарды екі айға жуық уақыт төтенше жағдай тәртібінде өмір сүруге «мәжбүрлеген» COVID-19 коронавирустық инфекциясы Жезқазғанда алғаш рет мамырдың басында тіркелгені белгілі. Мәскеуден жеткізілген жерлес студенттердің үшеуінен анықталған дерт бара-бара жергілікті тұрғындардан да арасынан шыға бастады. Бұған себеп – карантин талаптарының орындалмауы. Оқшауланудың маңыздылығын ескерткенге құлақ аспағандардың іс-әрекетінен отбасылық жиынға қатысқан 17 адамның 13-інен аталмыш derттің белгілері байқалған. Өкініштісі сол, вирусқа шалдыққандардың дені – балалар. «Бірдің кесірі мыңға тиеді» демекші, бір жиын 116 адамның үй карантиніне алынуға себепші болды.

– Бүгінгі күні Жезқазған қаласында коронавирус инфекциясын жұқтырған 25 адам тіркелген. Емделіп шыққаны – 3, қалған 22 адам емделуде. Бізде жағдайы ауыр науқастар жоқ. Сәтбаев қаласындағы провизорлық бөлімшеге 17 тұрғын, карантинді бөлімшеге 13 адам, инфекциялық бөлімшеге 17 науқас жатқызылды, – деген Қайрат Баяндыұлы тәулігіне 500 қан сынамасын зерттейтін лабораторияның ашылатынын жеткізді.

Медициналық орталық жанынан ашылған зертхананың жабдықталуына «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС демеушілік жасаған. Осы ретте қала әкімі кәсіпорын мен мекеме басшыларын өз қызметкерлерінің денсаулығын жіті қадағалап, вирустың таралуына жол бермеу мақсатында тест-сынамаларын алуды ұйымдастыруға шақырды. Сонымен қатар, медициналық қызметтің сапасын арттыру мақсатында биыл көпбейінді қалалық аурухананың 54 орындық инфекциялық бөлімшесі күрделі жөндеуден өтіп, жезқазғандық клиникалық эпидемиолог мамандары кәсіби біліктіліктерін арттыратынын жеткізді.

1 маусымнан бастап ел көлемінде карантин талаптары жеңілдетілгенімен қала тұрғындарын маска киіп, қоғамдық орындарда ара қашықтықты сақтауға, гигиеналық талаптарды қатаң ұстануға үндеген Қайрат Бегімов жергілікті БАҚ өкілдерінің сауалдарына жауап берді. Алғашқы сұрақ Жезқазған қаласында ауыр індетпен күресуге жұмылдырылған медицина қызметкерлерінің еңбегін ынталандыруға қатысты болды.

– Коронавирус инфекциясымен күресуге 10 медициналық ұйым, 217 медициналық қызметкер тартылды. 3 категорияға жататын оларға сәуір айында жалпы сомасы 8 053 395 теңге көлемінде үстеме ақы төленді, – деген қала әкімі «Жезказганский вестник» газетінің тілшісін қызықтырған коммуналдық шығындарды өтеуге бағытталған 15 мың теңге көлеміндегі коммуналдық көмекті алуға 8424 өтініш түскенін алға тартты. Қазірдің өзінде 5848 өтініш қаралып, мақұлданған. Олардың жалпы сомасы – 87 702 000 теңге.

Брифинг барысында қала әкімі «Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020» мемлекеттік бағдарламасы бойынша Жезқазған қаласында 40 жоба іске асып, 1098 жаңа жұмыс орны ашылғанын да айта өтті.

***Қарағанды облысы денсаулық сақтау басқармасының Жезқазған аймақтық өкілдігінің 2020 жылғы маусымдағы мәліметі бойынша Жезқазған қаласында COVID-19 инфекциясын жұқтырудың 35 жағдайы тіркелген, оның ішінде 3 адам сауығып кеткен.***

**Диана ОРАЗАЛИНА**

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖОЛ КАРТАСЫ

# МУЗЕЙ ЖАҢАРА ТҮСЕДІ




**«Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасын іске асыруға биыл 1 трлн теңге бөлген Үкімет еліміздегі жұмыссыздық деңгейін төмендетіп, әлеуметтік-мәдени нысандар мен инфрақұрлымның жағдайын жақсартуды көздеді. Аталған мемлекеттік бағдарлама шеңберінде Жезқазғанда да бірқатар ауқымды жобалар қолға алынып, күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстары қызу жүргізілуде.**

Бүгіннің өзінде жұмыспен қамтылуы тиіс 550 жұмыссыз жезқазғандықтың 152-сі екі қолға бір күрек тауып, айына 85 мың теңгеден кем емес табыс тауып отыр.

«Жұмыспен қамтудың жол картасы - 2020» бағдарламасы аясында жөнделіп жатқан нысандардың тағы бірі – Жезқазған тарихи-археологиялық музейі. Оның ағымдағы жөндеу жұмыстарына облыстық қазынадан 11 155, 2 мың теңге қарастырылды. Бүгінде мердігер «Жаңа құрылыс-2012» ЖШС төрт жұмыскері жоспарланған жөндеу жұмыстарын бастап кетті.

– Жезқазған тарихи-археологиялық музей төбесінің оң жағын ауыстырып, көрме залы мен музей ғимаратының алдындағы ескірген тас-төсемелерді жаңартуды жоспарлап отырмыз. Сонымен бірге музейдің есіктері де жаңадан орнатылады. Қыркүйекте аяқталатын жөндеу жұмыстарына төрт жұмысшы, оның ішінде жұмыспен қамту орталығы арқылы екі жұмыскер жұмылдырылды, – деді мердігер компанияның басшысы Елдос Үкібаев.

# МӘДЕНИЕТ ОШАҒЫ – НАЗАРДА

**2020-2021 жылдарға арналған «Жұмыспен қамтудың жол картасына» сәйкес Теректі стансасының ауыл клубына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіледі.**



Осы ретте Жезқазған қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі Теректі станциясының ауыл клубына күрделі жөндеу жұмыстары бойынша арнайы тәртіпті қолдану арқылы конкурс жариялады. Конкурс қорытындысы бойынша Жезқазған қаласының «Атакент-TTS» ЖШС жеңімпаз болып анықталып, келісім-шарт жасалды. Мемлекеттік сатып алу қорытындысы бойынша бұл жобаны жүзеге асыруға 31 755 267.90 теңге жұмсалмақ

Жоспар бойынша ауылдық клубтың іші мен сырты толығымен және шатыры жөнделеді. Есік, терезе мен едендері ауыстырылады. Сонымен бірге, 70 орынға шақталған көрермен залына жаңа орындықтар қойылып, сахна мен оның шымылдығы жаңартылады және безендіріледі. Бұған дейін пешпен жылытылатын клубтың сыртына қазандық орнатылып, кәріз жүйесі тартылады. Мүмкіндігі шектеулі ауыл тұрғындарының мәдениет ошағына еркін кіріп, шығуына жағдай жасау да назардан тыс қалмағанын айта кеткен жөн. 2009 жылы осы мемлекеттік бағдарлама шеңберінде клубтың маңайы абаттандырылып, қоршалған болатын. Биылғы күрделі жөндеу кезінде сол қоршауларға ағымдағы жөндеуден өтеді.

Маусымда басталып тамыз айының соңында аяқталатып күрделі жөндеуге 10 жұмыскер тартылады. Оның бесеуі жұмыспен қамту орталығының жолдамасына сәйкес қабылданғандар. Жұмыскерлердің айлығы ең төменгі жалақының екі мөлшерінен кем емес деңгейде белгіленеді, яғни 85000 теңге. Техникалық қадағалауды қарағандылық «Стройтехнология» ЖШС, авторлық қадағалауды павлодарлық «Респект» ЖШС жүргізетін болады.

# КӨПТЕН КҮТКЕН КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ



**«Жұмыспен қамтудың жол картасы» мемлекеттік бағдарламасының шарапаты №3 білім-инновация лицей-интернатына да тиіп жатыр.**

Бұл жөнінде мектеп директоры Диас Жұмаділов:

– Білім-инновация лицей-интернатының ғимараты 1964 жылы салынған. Содан бері ғимараттың қасбеті күрделі жөндеуден өтпеген. Жылда жүргізілетін сылақ жұмыстарын аздық еткен мектепті жөндеу қажеттігі туралы Қарағанды облысының білім басқармасына ұсыныс білдіргеніміз сол еді, мемлекеттік бағдарламаға ілігіппіз. Бұл біз үшін үлкен қолдау мен қамқорлықтың белгісі болды, – деді.

Бүгінде 7-сыныптан 11-сыныпқа дейін 242 оқушыға білім беріп отырған лицей-интернатты жезқазғандық мердігер «Әжібаев М.П.» ЖК күрделі жөндеуден өткізеді. Бұл мақсатқа республикалық қазынадан 81 710 720 теңге қаржы бөлінген. 29 сәуірден бастап жұмысқа кіріскен 22 жұмыскер (оның ішінде жұмыссыз тұрғындар қатарынан алынғандары 11) мектеп ғимаратының жертөлесін қайта құрып жатыр. Металл сайдингпен қапталатын мектептің кейбір терезелері ауыстырылып, кіреберісі жөнделеді. Сатысы жаңартылып, пандус орнатылады. Жөндеу жұмыстары сәтті аяқталса білім-инновация лицей-интернаты жаңа оқу жылында шәкірттерін жаңаша кейіпінде қарсы алмақ.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

# ЕРІКТІЛЕР ЕҢБЕГІ ЕЛЕНДІ

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен волонтерлар жылы деп жарияланған 2020 жылдың алғашқы жартысы еліміз үшін оңайға соқпағаны белгілі.**



Пандемия салдарынан орын алған қиындықтар, жұмыссыздық, әлемді жайлаған дағдарыс – осының барлығы дерлік біздің елімізді де айналып өтпеді. Бірлігіміз бен бекемдігіміз сыналар осындай сәтте алақандай ашылып, жұдырықтай жұмылған волонтерлар еңбегі мақтауға тұрарлық. Қазақстан Республикасы рәміздері күні қарсаңында Қарағанды облысының әкімі Жеңіс Қасымбектің Алғыс хатын алған бір топ жезқазғандық волонтерлар ерікті еңбектің еленгеніне сезінді.

– Жыл басында С.Сейфуллин атындағы орталықтандырылған кітапхана ғимаратының коуоркинг залында қала әкімі Қайрат Бегімовпен өткен кездесуде волонтерларға қатысты біраз мәселе жан-жақты талқыланып, нақты жоспарлар түзілген еді. Сол жиында айтылған мәселелердің жерде қалмағанына қуаныштымын. Оның дәлелі – сіздердің өлшеусіз еңбектеріңіз. Сіздер қала тіршілігіне белсене атсалысып, көптеген мәселелердің жан-жақты шешілуіне қол ұшын создыңыздар. COVID-19 жұқпалы дерті белең алып, төтенше жағдай енгізілген уақыттан бастап, көмекке мұқтаж жандарға көмекке асықтыңыздар. Сол үшін сіздерге қала әкімінің атынан зор алғысымды білдіремін, – деген қала әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова волонтерлар жұмысына сәттілік тілеп, бұдан кейін де жақсы істердің жанынан табылуды тіледі.

Сондай-ақ, облыс әкімінің Алғыс хатын қалалық жастар ресурстық орталығының директоры Ботакөз Мұхиденге, аталған орталықтың кадр мәселесіне жауапты маманы Ізтөлеу Түсіпке, қаламыздағы белсенді волонтерлар Саят Балмағамбетов, Айгерім Тобаш, Ыдырыс Қозайдаров, Мадияр Сәкенов, Александр Диллер, Мәди Дүйсенбаев, Мейрамкүл Бәкібаева, Гүлден Шапаева, Мөлдір Күнтуған, Назым Ерболға табыс етті. Шара соңында сөз алған Саят Балмағамбетов аталған марапатты иеленген барша волонтерларды құттықтап, алда бұдан да көлемді істер күтіп тұрғандығын айтты.

– Жыл басында әріптестерімізбен бірге волонтерлікпен айналысуға шешім қабылдадық. Біреуге өзіңнің пайдаңды тигізу деген өте керемет іс. Кейін волонтер ретінде қаламыздағы жастар ресурстық орталығына тіркелдік. Содан бері түрлі жұмыстар атқарылды. Қала тазалығына атсалыстық. Әлеуметтік жағынан жағдайы нашар отбасыларға қаржылай көмек бердік. Нұрсұлтан есімді ауру баланың еміне қаржы жинауға жәрдемдестік. Төтенше жағдай кезінде азық-түлік пакеттерін тараттық. Міне, жақында, балалар күні бөбектерге тегін балмұздақ тараттық. Бұнымен біздің жұмыстар легі тоқтап қалмақ емес. Әлі де атқарылар игі істер алда, – дейді «Серкенің серілері» волонтерлар тобының жетекшісі Мейрамкүл Бәкібаева.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# ҰЛТ ҚАСІРЕТІ ЕШҚАШАН ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

**Жезқазған қаласы жастар ресурстық орталығы мен «Бірлік» еріктілер ұйымы қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алып, тарихты ұмытпау мақсатында тағы бір қайырымдылық шарасына ұйытқы болды.**



31 мамыр – бүкіл қазақ баласы көкірегін қарс айырар күрсініс пен өкінішке толы күн. Бұл күн – өткенге салауат айтып, қаскөй саясаттың қанқұйлы қасап-қыспағынан қапыда мерт болған қаншама жанды еске алатын күн. Қуғын-сүргін, қолдан жасалған ашаршылық қазақстандықтардың бір де бір шаңырағын айналып өткен жоқ.

Адамзат тарихында болмаған қиянат салдарынан ұлтымыздың 60 пайызы қырылып қалды. Әр азаматтың жүрегіне жазылмас жара салған нәубеттің қасіретін үш миллионға жуық адам тартты. Сол кездегі солақай саясаттың кесірінен орын алған қайғы-қасіретті кейінгі буын жас ұрпақ терең түсініп, бейбіт күннің бағасын ұғынсын деген мақсатпен өткен шараға қалалық «Бірлік» еріктілер ұйымының жастары белсенді түрде атсалысты.

Волонтерлар, алдымен, ата-бабасы қуғын-сүргінге ұшыраған, еңбек ардагері Мэлс Мұхамбетәліұлының отбасында болып, біраз пікір-алмасып, ақыл-кеңесін тыңдап қайтты. Солақай саясат жылдарының ауыр қасіреттерін өз көзімен көріп, куәгер болған аға қуғынға ұшырап жапа шеккен аталар жайлы жүрек сыздатар естеліктерімен бөлісіп, көз жасына да ерік берді. Аяусыз халық шығынына ұшыратқан нәубетті жылдардың қиындығын халқымның басына бермесін деген ол жастарға Тәуелсіздіктің қадірін кеңінен ұғынып, нағыз отансүйгіш ел азаматы болуға үндеді.

Ақсақал кеңесі мен ақылына сусындаған жастар азын-аулақ сый-сияпаттарын ұсынды. Осыдан кейін еріктілер қаламыздағы қуғын-сүргін құрбандарына арналған ескерткіш маңын қоқыстан тазартып, қапыда кеткен бабалар рухына тағзым етті.

**Ізтөлеу БЕКЕНҰЛЫ**

100 ЖАҢА ОҚУЛЫҚ

# «ПЕДАГОГИКАНЫ ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДЕ ҚАЙТА ЗЕРДЕЛЕУ»




Бұл оқулықта XXI ғасырдағы педагогиканың дамуы, оқытуды жеке тұлғаға бейімдеу, қолжетімді әрі тиімді жоспарлау мен оны жүзеге асыруға бағытталған жобалар қарастырылады. Оқу қызметін электрондық және мобильді технологиялар контексінде зерттей отырып, авторлар білім берудің техно-бағдарлы болашағын кеңінен баяндайды.

Кітаптың «Дизайнның принциптері мен практикасы» деп аталатын I бөлімінде білім алуға және оны жоспарлауға қатысты цифрлық технологиялардың қағидалары мен теориялары егжей-тегжейлі қарастырылып, оларды тиімді қолдану жолдары көрсетілсе, II бөлімде дизайнның пәндік қырлары ортаға салынып, мобильді және сымсыз есептеу техникасы саласындағы жетістіктер, тәжірибе жүзіндегі жобалау мүмкіндіктері, күрделі жүйелер мен мобильді оқытуды дизайнға түсіру туралы тың зерттеу жаңалықтарымен толықтырылған.

Қорытындылаушы III бөлімде авторлар осы технологияларды болашақта қолдану аймақтарына шолу жасай отырып, оған қатысты нақты үлгілер ұсынады.

Оқулық педагогика, психология мамандықтары бойынша білім алып жүрген студенттерге, магистранттарға және осы салаға қызығушылық танытушы барша зерттеушілерге арналған.

АУКЦИОН

## Жер учаскесін немесе жер учаскесін жалдау құқығын сату бойынша сауда-саттық (аукцион) өткізу туралы хабарландыру

Құрметті сауда-саттыққа әлеуетті қатысушылар! «Жезқазған қаласының жер қатынастары бөлімі» ММ 2020 жылдың 23 маусымда мемлекеттік мүлік Тізілімінің веб-порталында бағаны көтеру әдісімен жер учаскесін немесе жер учаскесін жалдау құқығын сату бойынша электрондық аукцион өткізілетіндігі туралы хабарлайды. www.gosreestr.kz (бұдан әрі – Портал) арқылы жүзеге асырылады.

Аукционға қатысуға өтінімдерді беру «Жекешелендіру объектілерін сату қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы № 920 қаулысына және «Жер учаскесін немесе жер учаскесін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 290 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

Аукционға қатысуға өтінімдерді беру және тіркеу тізілім веб-порталында аукцион өткізу туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылады және аукцион басталғанға дейін екі сағат бұрын аяқталады, ол өткеннен кейін қатысушылар берілген өтінімді кері қайтарып ала алмайды.

Аукционға қатысу үшін көрсетілген тізілімнің веб-порталында алдын ала тіркелу қажет:

1) жеке тұлғалар үшін: жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН), тегі, аты және әкесінің аты (болған жағдайда);

2) заңды тұлғалар үшін: бизнестің сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН), бірінші басшының Т.А.Ә., тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда);

3) кепілдік жарнасын қайтару үшін екінші деңгейдегі банктегі ағымдағы шоттың деректемелері;

4) байланыс ақпараты (поштаның мекенжайы, телефон, факс, электрондық пошта).

Аукционға қатысушы ретінде тіркелу үшін қатысушының ЭЦҚ-мен қол қойылған қатысуға өтінімді тізілімнің веб-порталында тіркеу қажет.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Тізілімнің веб-порталының өтінімді қабылдаудан бас тартуының негізі болып қатысушының хабарламада көрсетілген талаптарды сақтамауы, сондай-ақ тендер туралы хабарламада көрсетілген кепілдік жарнаның аукцион басталғанға дейін екі сағат бұрын түспеуі болып табылады.

Автоматты тексерудің нәтижелері бойынша тізілімнің веб-порталы өтінімнің қабылданғаны туралы немесе өтінімді қабылдаудан бас тарту себептері туралы тізілім веб-порталында көрсетілген қатысушының электрондық поштасына электрондық хабарлама жібереді.

Аукционға жіберілген қатысушыға тізілімнің веб-порталы беретін аукцион нөмірі бойынша аукцион залына рұқсат беріледі.

Аукционға қатысушылар аукцион басталғанға дейін бір сағат ішінде ЭЦҚ мен аукциондық нөмірді пайдалана отырып, аукциондық залға кіреді. Аукцион сату объектісінің бастапқы бағасын аукцион залында автоматты түрде орналастыру жолымен Нұрсұлтан қаласының сауда-саттығын өткізу туралы хабарламада көрсетілген уақытта басталады.

Әрбір сатылған сату объектісі бойынша аукцион нәтижелері аукцион нәтижелері туралы электрондық хаттамамен ресімделеді, оған сатушы мен жеңімпаз сауда-саттық өткізілген күні ЭЦҚ пайдалана отырып, тізілімнің веб-порталында қол қояды.

Аукцион нәтижелері туралы хаттама аукцион нәтижелерін және жеңімпаз мен сатушының сату бағасы бойынша сату объектісін сатып алу-сату шартына қол қою міндеттемелерін белгілейтін құжат болып табылады.

Сатып алу-сату шарты немесе жалға алу шарты тізілімнің веб-порталында электрондық форматта жасалады және сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап он күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде ЭЦҚ пайдалана отырып сатушы мен сатып алушы қол қояды. Бұл ретте сатушы сатып алушыға сатып алу-сату шартының жобасын сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап бес күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде қол қоюға ұсынады.

Аукционға қатысу үшін кепілдік жарналар мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай оператордың деректемелеріне енгізіледі:

Төлем алушы: «Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ БСН: 050140001971; ТТК: 171; Кбе: 12.

«Қазақстан Халық банкі» АҚ есеп айырысу шоты (IBAN/ЖСК): KZ020705034632251006, БИК: KKMFKZ2A

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға не сатып алу-сату шартына қол қойылмаған жағдайда, кепілдік жарна жеңімпазға қайтарылмайды.

Қалған барлық жағдайларда кепілдік жарналар тізілім веб-порталында қатысушының ЭЦҚ қойылған аукционға қатысушыдан бірыңғай операторға өтініш берген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қайтарылады.

**Бағаны көтеру әдісін қолдана отырып аукционға келесі сату объектілері қойылады:**

1. № 00001 жер учаскесі, Жезқазған қаласы, Кеңгір ауылы, Әуезов көшесі мекенжайында орналасқан, кіші және орта бизнес нысандар құрылысы үшін (Сауда орталығы, қойма, гараж). Жер учаскесінің ауданы 2,6138 га. (5 жыл) уақытша жер пайдалану құқығы. Шектеулер мен тиым салу көрсетілмеген. Жыл сайынғы жалдау төлемі/налог 15056,0 теңге. Бастапқы бағасы 575036,0 теңге. Кепілдік жарнаның сомасы 138900,0 теңге;

2. № 00002 жер учаскесі, Жезқазған қаласы, Кеңгір ауылы, Әуезов көшесі мекенжайында орналасқан, кіші және орта бизнес нысандар құрылысы үшін (Сауда орталығы, қойма, гараж). Жер учаскесінің ауданы 0,1608 га. (5 жыл) уақытша жер пайдалану құқығы. Шектеулер мен тиым салу көрсетілмеген. Жыл сайынғы жалдау төлемі/налог 926,0 теңге. Бастапқы бағасы 35376,0 теңге. Кепілдік жарнаның сомасы 138900,0 теңге;

3. № 00003 жер учаскесі, Жезқазған қаласы, Есенберлин көшесі, 7-үй аумағы мекенжайында орналасқан, жеке гараж құрылысы үшін. Жер учаскесінің ауданы 2,6 138 га. Шектеулер мен тиым салу көрсетілмеген. Жеке меншік құқығы. Жыл сайынғы жалдау төлемі/налог 15056,0 теңге. Бастапқы бағасы 575036,0 теңге. Кепілдік жарнаның сомасы 138900,0 теңге;

4. № 00004 жер учаскесі, Жезқазған қаласы, Ғарышкерлер бульвар, 21-үй аумағы мекенжайында орналасқан, сауда павильонымен аялдама кешенін орнату үшін. Жер учаскесінің ауданы 0,0036 га. (5 жыл) уақытша жер пайдалану құқығы. Шектеулер мен тиым салу көрсетілмеген. Жыл сайынғы жалдау төлемі/налог 517,0 теңге. Бастапқы бағасы 6515,0 теңге. Кепілдік жарнаның сомасы 138900,0 теңге;

5. № 00005 жер учаскесі, Жезқазған қаласы, Қайнар көшесі мекенжайында орналасқан, кіші және орта бизнес нысандар құрылысы үшін (темір жол тұйығы). Жер учаскесінің ауданы 1,4875 га. (5 жыл) уақытша жер пайдалану құқығы. Шектеулер мен тиым салу көрсетілмеген. Жыл сайынғы жалдау төлемі/налог 102459,0 теңге. Бастапқы бағасы 1 794520,0 теңге. Кепілдік жарнаның сомасы 138900,0 теңге;

6. № 00006 жер учаскесі, Жезқазған қаласы, Алашахан даңғылы, мед.орталығы аумағы мекенжайында орналасқан, кіші және орта бизнес нысандар құрылысы үшін (жапсарлас жаймен көп қабатты тұрғын үйлер). Жер учаскесінің ауданы 4,0 га. (5 жыл) уақытша жер пайдалану құқығы. Шектеулер мен тиым салу көрсетілмеген. Жыл сайынғы жалдау төлемі/налог 472320,0 теңге. Бастапқы бағасы 6635200,0 теңге. Кепілдік жарнаның сомасы 331760,0 теңге;

7. № 00007 жер учаскесі, Жезқазған қаласы, Алашахан даңғылы, мед.орталығы аумағы мекенжайында орналасқан, кіші және орта бизнес нысандар құрылысы үшін (жапсарлас жаймен көп қабатты тұрғын үйлер). Жер учаскесінің ауданы 3,0 га. (5 жыл) уақытша жер пайдалану құқығы. Шектеулер мен тиым салу көрсетілмеген. Жыл сайынғы жалдау төлемі/налог 354240,0 теңге. Бастапқы бағасы 4976400,0 теңге. Кепілдік жарнаның сомасы 248820,0 теңге;

8. № 00008 жер учаскесі, Жезқазған қаласы, Алашахан даңғылы, мед.орталығы аумағы мекенжайында орналасқан, кіші және орта бизнес нысандар құрылысы үшін (жапсарлас жаймен көп қабатты тұрғын үйлер). Жер учаскесінің ауданы 3,0 га. (5 жыл) уақытша жер пайдалану құқығы. Шектеулер мен тиым салу көрсетілмеген. Жыл сайынғы жалдау төлемі/налог 354240,0 теңге. Бастапқы бағасы 4976400,0 теңге. Кепілдік жарнаның сомасы 248820,0 теңге;

9. № 00009 жер учаскесі Жезқазған қаласы, Оңтүстік өнеркәсіп аймағы аумағы мекенжайында орналасқан, кіші және орта бизнес нысандар құрылысы үшін (өндірістік база, қойма). Жер учаскесінің ауданы 4,0 га. (5 жыл) уақытша жер пайдалану құқығы. Шектеулер мен тиым салу көрсетілмеген. Жыл сайынғы жалдау төлемі/налог 275520,0 теңге. Бастапқы бағасы 4825600,0 теңге. Кепілдік жарнаның сомасы 241280,0 теңге;

10. № 00010 жер учаскесі, Жезқазған қаласы, Қаражар көшесі мекенжайында орналасқан, кіші және орта бизнес нысандар құрылысы үшін (АБЗ, өндірістік база, қойма). Жер учаскесінің ауданы 3,0311 га. (5 жыл) уақытша жер пайдалану құқығы. Шектеулер мен тиым салу көрсетілмеген. Жыл сайынғы жалдау төлемі/налог 357912,0 теңге. Бастапқы бағасы 4570899,0 теңге. Кепілдік жарнаның сомасы 228545,0 теңге;

11. № 00011 жер учаскесі, Жезқазған қаласы, Қошқарбаев көшесі мекенжайында орналасқан, кіші және орта бизнес нысандар құрылысы үшін (қойма жайлары). Жер учаскесінің ауданы 0,1200 га. (5 жыл) уақытша жер пайдалану құқығы. Шектеулер мен тиым салу көрсетілмеген. Жыл сайынғы жалдау төлемі/налог 11808,0 теңге. Бастапқы бағасы 144768,0 теңге. Кепілдік жарнаның сомасы 138900,0 теңге;

12. № 00012 жер учаскесі, Жезқазған қаласы, Алашахан даңғылы, 18-үй аумағы мекенжайында орналасқан, кіші және орта бизнес нысандар құрылысы үшін (өндірістік база, қойма). Жер учаскесінің ауданы 4,0 га. (5 жыл) уақытша жер пайдалану құқығы. Шектеулер мен тиым салу көрсетілмеген. Жыл сайынғы жалдау төлемі/налог 275520,0 теңге. Бастапқы бағасы 485600,0 теңге. Кепілдік жарнаның сомасы 241280,0 теңге;

13. № 00013 жер учаскесі, Жезқазған қаласы, Ғарышкерлер бульвары, 32 ғимарат аумағы мекенжайында орналасқан, кіші және орта бизнес нысандар құрылысы үшін (дүкен). Жер учаскесінің ауданы 0,0060 га. (5 жыл) уақытша жер пайдалану құқығы. Шектеулер мен тиым салу көрсетілмеген.Жыл сайынғы жалдау төлемі/налог 886,0 теңге. Бастапқы бағасы 10 858,0 теңге. Кепілдік жарнаның сомасы 138900,0теңге;

14. № 00014 жер учаскесі, Жезқазған қаласы, Әуезов көшесі, соңғы аялдама аумағында орналасқан, кіші және орта бизнес нысандар құрылысы үшін (дүкен, сұлулық салоны). Жер учаскесінің ауданы 0,0144 га. (5 жыл) уақытша жер пайдалану құқығы. Шектеулер мен тиым салу көрсетілмеген.Жыл сайынғы жалдау төлемі/налог 1700,0 теңге. Бастапқы бағасы 21715,0 теңге. Кепілдік жарнаның сомасы 138900,0 теңге.

**Ұйымдастырушы: «Жезқазған қаласы жер қатынастары бөлімі» ММ**
**Анықтама үшін телефон: 87102733012**

## Объявление о проведении торгов (аукциона) по продаже земельного участка или права аренды земельного участка

ГУ «Отдел земельных отношений города Жезказгана» информирует о том, что 23 июня 2020 года проводится электронный аукцион по продаже земельного участка или права аренды земельного участка методом повышения цен на веб-портале Реестра государственного имущества www.gosreestr.kz (далее – Портал).

Подача заявок на участие в аукционе осуществляется в соответствии с постановлением Правительства Республики Казахстан от 9 августа 2011 года № 920 «Об утверждении Правил продажи объектов приватизации» и приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от 31 марта 2015 года № 290 «Об утверждении Правил организации и проведения торгов (конкурсов, аукционов) по продаже земельного участка или права аренды земельного участка, в том числе в электронном виде».

Подача и регистрация заявок на участие в аукционе осуществляется со дня публикации объявления о проведении аукциона на веб-портале реестра и заканчивается за два часа до начала аукциона, по истечении которых участники не могут отозвать поданную заявку.

Для участия в аукционе необходимо предварительно зарегистрироваться на веб-портале реестра с указанием:

1) для физических лиц: индивидуального идентификационного номера (далее - ИИН), фамилии, имени и отчества (при наличии);

2) для юридических лиц: бизнес-идентификационного номера (далее - БИН), полного наименования, фамилии, имени и отчества (при наличии) первого руководителя;

3) реквизитов расчетного счета в банке второго уровня для возврата гарантийного взноса;

4) контактных данных (почтовый адрес, телефон, факс, e-mail).

Для регистрации в качестве участника аукциона необходимо на веб-портале реестра зарегистрировать заявку на участие, подписанную ЭЦП участника.

**ВНИМАНИЕ!** Основаниями для отказа веб-порталом реестра в принятии заявки являются несоблюдение участником требований, указанных в извещении, а также не поступление за два часа до начала аукциона гарантийного взноса, указанного в извещении о проведении торгов.

По результатам автоматической проверки веб-портал реестра направляет на электронный адрес участника, указанный на веб-портале реестра, электронное уведомление о принятии заявки либо причинах отказа в принятии заявки.

Участнику, допущенному к аукциону, представляется доступ к аукционному залу по аукционному номеру, присваиваемому веб-порталом реестра.

Участники аукциона в течение одного часа до начала аукциона заходят в аукционный зал, используя ЭЦП и аукционный номер. Аукцион начинается в указанное в извещении о проведении торгов время города Нур-Султан путем автоматического размещения в аукционном зале стартовой цены объекта продажи.

Результаты аукциона по каждому проданному объекту продажи оформляются электронным протоколом о результатах аукциона, который подписывается на веб-портале реестра продавцом и победителем с использованием ЭЦП в день проведения торгов.

Протокол о результатах аукциона является документом, фиксирующим результаты аукциона и обязательства победителя и продавца подписать договор купли-продажи объекта продажи по цене продажи.

Договор купли-продажи или договор аренды заключается в электронном формате на веб-портале реестра и подписывается продавцом и покупателем с использованием ЭЦП в срок не более десяти календарных дней со дня подписания протокола о результатах торгов. При этом, продавец представляет покупателю проект договора купли-продажи на подписание в срок не более пяти календарных дней со дня подписания протокола о результатах торгов.

Гарантийные взносы для участия в аукционе вносятся на реквизиты единого оператора в сфере учета государственного имущества:

Получатель платежа: АО «Информационно-учетный центр» БИН: 050140001971; КНП: 171; Кбе: 12.

Расчетный счет (IBAN/ИИК) в АО «Народный банк Казахстана»: KZ020705034632251006, БИК: KKMFKZ2A

**ВНИМАНИЕ!** Гарантийный взнос не возвращается победителю в случаях не подписания протокола о результатах торгов либо договора купли-продажи.

Во всех остальных случаях гарантийные взносы возвращаются в срок не позднее трех рабочих дней со дня подачи заявления единому оператору от участника аукциона, подписанного ЭЦП участника на веб-портале реестра.

**На аукцион с применением метода на повышение цены выставляются следующие объекты продажи:**

1. Земельный участок № 00001, город Жезказган, село Кенгир, улица Ауезова, для строительства объектов малого и среднего бизнеса (ТРЦ, склады, гаражи). Площадь земельного участка 2,6138 га с правом временного землепользования (5 лет). Обременение или арест отсутствуют. Сумма ежегодной арендной платы/налога 15 056,0 тенге; начальная цена 575 036,0 тенге; сумма гарантийного взноса 138 900,0 тенге.

2. Земельный участок № 00002, город Жезказган, село Кенгир, улица Ауезова, для строительства объектов малого и среднего бизнеса (ТРЦ, склады, гаражи). Площадь земельного участка 0,1608 га с правом временного землепользования (5 лет). Обременение или арест отсутствуют. Сумма ежегодной арендной платы/налога 926,0 тенге; начальная цена 35 376,0 тенге; сумма гарантийного взноса 138 900,0 тенге.

3. Земельный участок № 00003, город Жезказган, улица Есенберлина, район дома 7 для строительства индивидуального гаража. Площадь земельного участка 0,0024 га с правом частной собственности. Обременение или арест отсутствуют. Сумма ежегодной арендной платы/налога 256,0 тенге; начальная цена 43430,0 тенге; сумма гарантийного взноса 138 900,0 тенге;

4. Земельный участок № 00004, город Жезказган, бульвар Ғарышкерлер, район дома 21 для установки остановочного комплекса с торговым павильоном. Площадь земельного участка 0,0036 га с правом временного землепользования (5 лет). Обременение или арест отсутствуют. Сумма ежегодной арендной платы/налога 517,0 тенге; начальная цена 6515,0 тенге; сумма гарантийного взноса 138 900,0 тенге;

5. Земельный участок № 00005, город Жезказган, улица Кайнар для строительства объектов малого и среднего бизнеса (железнодорожный тупик). Площадь земельного участка 1,4875 га с правом временного землепользования (5 лет). Обременение или арест отсутствуют. Сумма ежегодной арендной платы/налога 102459,0 тенге; начальная цена 1794520,0 тенге; сумма гарантийного взноса 138900,0 тенге;

6. Земельный участок № 00006, город Жезказган, проспект Алашахана, район медцентра для строительства объектов малого и среднего бизнеса (многоэтажные жилые дома с встроенными помещениями). Площадь земельного участка 4,0 га с правом временного землепользования (5 лет). Обременение или арест отсутствуют. Сумма ежегодной арендной платы/налога 472 320,0 тенге; начальная цена 6 635 200,0 тенге; сумма гарантийного взноса 331760,0 тенге;

7. Земельный участок № 00007, город Жезказган, проспект Алашахана, район медцентра для строительства объектов малого и среднего бизнеса (многоэтажные жилые дома с встроенными помещениями). Площадь земельного участка 3,0 га с правом временного землепользования (5 лет). Обременение или арест отсутствуют. Сумма ежегодной арендной платы/налога 354 240,0 тенге; начальная цена 4 976 400,0 тенге; сумма гарантийного взноса 248820,0 тенге;

8. Земельный участок № 00008, город Жезказган, проспект Алашахана, район медцентра для строительства объектов малого и среднего бизнеса (многоэтажные жилые дома с встроенными помещениями). Площадь земельного участка 3,0 га с правом временного землепользования (5 лет). Обременение или арест отсутствуют. Сумма ежегодной арендной платы/налога 354 240,0 тенге; начальная цена 4 976 400,0 тенге; сумма гарантийного взноса 248820,0 тенге;

9. Земельный участок № 00009, город Жезказган, Южная промышленная зона, район нефтебазы для строительства объектов малого и среднего бизнеса (производственная база, склад). Площадь земельного участка 4,0 га с правом временного землепользования (5 лет). Обременение или арест отсутствуют. Сумма ежегодной арендной платы/налога 275520,0 тенге; начальная цена 4825600,0 тенге; сумма гарантийного взноса 241280,0 тенге;

10. Земельный участок № 00010, город Жезказган, улица Каражар, район старого аэропорта для строительства объектов малого и среднего бизнеса (АБЗ, склад, производственная база). Площадь земельного участка 3,0311 га с правом временного землепользования (5 лет). Обременение или арест отсутствуют. Сумма ежегодной арендной платы/налога 357912,0 тенге; начальная цена 4570899,0 тенге; сумма гарантийного взноса 228545,0 тенге;

11. Земельный участок № 00011, город Жезказган, улица Кошкарбаева, район мельницы для строительства объектов малого и среднего бизнеса (складские помещения). Площадь земельного участка 0,1200 га с правом временного землепользования (5 лет). Обременение или арест отсутствуют. Сумма ежегодной арендной платы/налога 11 808,0 тенге; начальная цена 144 768,0 тенге; сумма гарантийного взноса 138900,0 тенге;

12. Земельный участок № 00012, город Жезказган, проспект Алашахана, район дома 18 для строительства объектов малого и среднего бизнеса (магазин, салон красоты). Площадь земельного участка 0,0060 га с правом временного землепользования (5 лет). Обременение или арест отсутствуют. Сумма ежегодной арендной платы/налога 886,0 тенге; начальная цена 10 858,0 тенге; сумма гарантийного взноса 138900,0 тенге;

13. Земельный участок № 00013, город Жезказган, бульвар Ғарышкерлер, район здания 32 для строительства объектов малого и среднего бизнеса (магазин, торговый павильон). Площадь земельного участка 0,0060 га с правом временного землепользования (5 лет). Обременение или арест отсутствуют. Сумма ежегодной арендной платы/налога 886,0 тенге; начальная цена 10 858,0 тенге; сумма гарантийного взноса 138900,0 тенге;

14. Земельный участок № 00015, город Жезказган, улица Ауезова, район конечной остановки для строительства объектов малого и среднего бизнеса (магазин, салон красоты). Площадь земельного участка 0,0144 га с правом временного землепользования (5 лет). Обременение или арест отсутствуют. Сумма ежегодной арендной платы/налога 1700,0 тенге; начальная цена 21715,0 тенге; сумма гарантийного взноса 138900,0 тенге;

**Организатор: ГУ «Отдел земельных отношений города Жезказгана»**
**Телефон для информации: 87102733012**

ЖЕМҚОРЛЫҚ – ІНДЕТ, ЖОЮ – МІНДЕТ!

# КҮРЕС – ОРТАҚ ПАРЫЗЫМЫЗ

**Сыбайлас жемқорлық ұлттық қауіпсіздікке қауіп төндіретін ең қауіпті әлеуметтік жағымсыз құбылыстардың біріне жатқызылады. Оның зиянды әсері мемлекеттік құрылым мен дәстүрлерге қарамастан кез келген елде сезіледі. Сыбайлас жемқорлықты толықтай жою бірде-бір мемлекетке мүмкін емес, бірақ қоғамның сыбайлас жемқорлық шегін төмендету мүмкін.**

Соңғы жылдары Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға мемлекеттік басқарудың ең жоғары деңгейіне үлкен көңіл бөлінеді. Қазақстан Республикасы – кеңестік кеңістіктегі алғашқы ел, ол дамудың бастапқы кезеңдерінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға қарсы күреске көп көңіл бөлді және 1998 жылғы 2 шілдеде елімізде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының № 267-І Заңы қабылданды. Бұдан басқа сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және оның алдын алу мақсаты мемлекеттік саясат туралы көптеген құжаттарда, соның ішінде Президент жолдауларында бекітілген.

Сыбайлас жемқорлық, оның ауқымы, ерекшелігі мен динамикасы – елдің жалпы саяси, әлеуметтік және экономикалық проблемаларының салдары. Қазақстан қарқынды дамып келеді және осыдан қоғамдық, мемлекеттік және экономикалық тұрақтардың өзгеруі орын алуда. Сондықтан, ол дамудың жалпы заңдылықтарына, оның ішінде жағымсыз заңдылықтарға сәйкес келуі таңқаларлық емес. Сыбайлас жемқорлық күнделікті адамның материалдық әл-ауқатын төмендетеді, ірі – мемлекеттік және жеке экономиканың үлкен бөлігін сіңіреді. Тек құқық қорғау органдарының күш-жігері сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелеріне кешенді көзқарасынсыз, осы жұмысқа барлық мемлекеттік органдардың, саяси партиялардың, қоғамдық бірлестіктердің




және халықтың белсенді қатысуынсыз жеткілікті түрде тиімді бола алмайды.Тек осылай ғана сыбайлас жемқорлық деңгейін нақты төмендетуге болады.

Осыған байланысты, 2014 жылғы 26 желтоқсанда Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа стратегиясы бекітілді. Стратегияның мақсаты мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігін арттыру, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне «мүлдем төзбеушілік» ахуалын құру арқылы барлық қоғамды сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысқа тарту және Қазақстанда сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету болып табылады.

Тек күш-жігерді біріктіре отырып, біз, қазақстандықтар, әлеуметтік зұлымдықты жеңе аламыз!

**Жезқазған қалалық сотының баспасөз қызметі**

## ҰЛЫ ЖЕҢІС – АРХИВ ҚҰЖАТТАРЫНДА

# ЖЕЗҚАЗҒАНДЫҚ БЕС БОЗДАҚ

**Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына 75 жыл толып отыр. Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн. Ұлы Жеңіс күні елі мен жері үшін жанын пида еткен, туған-туысқандарына, жақын-жарандарына, туған жеріне, ауылына оралмай қалған қаһарман ерлерді бүкіл елі болып еске алады, тағзым етеді.**



1. ҚАПАТАЙ РАЙЫМБЕКОВ (1917—1942)

Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халықтарымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі жертөлелерде, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда батыл ерліктер көрсетті. Украинаны, Кавказды, Белоруссияны, Қырымды, Прибалтиканы азат етті, Польша, Румыния, Венгрия, Чехословакия, Болгария, Германия жерлеріндегі майдан жолдарында жеңіс туын көтеріп өтті. Ұлы Отан соғысы жылдарында біздің қандастарымыз қатыспаған бірде-бір үлкен шайқас болмады.

Сол бір сұрапыл жылдары Қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. Осындай батырларымыздың қатарында жерлестеріміз де болды.

Ұлы Отан соғысына қатысып, ерлік көрсеткен жерлестеріміз жайлы құнды деректер Жезқазған қаласының мемлекеттік архивінің жеке тектік қор иесі белгілі өлкетанушы, ҚР еңбек сіңірген мәдениет қайраткері Сүтемген Бүкіровтің №289 қорында жинақталған. Ұлы Жеңістің 45 жылдығы қарсаңында жергілікті өлкетанушы Сүтемген Бүкіровтың «Жезқазғандық бес боздақ» атты кітапшасы жарық көрді. Осы қордағы Ұлы Отан соғысынан еліне қайтпаған марқұм болып кеткен бес талантты ақындарымыз «Жезқазғандық бес боздақ» туралы жинақтаған құжаттарға тоқтала кетуді жөн көрдім.

Жезқазған жері қилы-қилы мезгілді бастан кешірді, ірілі-уақты талант иелеріне мекен болды. Өздерінің қызық тағдырларын Жезқазғанмен байланыстырған талай-талай тарландарын елі қадірлеп еске алып есімдерін мақтаныш етеді. Бүгінде есімдері естен шығуға айналған кезінде елге мәлім болған бір қатар азаматтар осы өңірден шықты. Олар – сонау ардагер Амангелді, сыршыл Сәкен, жүрегін өлең тербеген батыр жауынгер Баубек, патриот ақын Тәшібай, кешегі елі құрметтеген Тайжан, Иманжан, Болмандар.

Жезқазған жері бұл секілді дүйім ел таныған белгілі адамдармен ғана тағдырлас болып қойған жоқ. Бүгіндері есімдері естен шығуға айналған кезінде елге мәлім болған бірқатар құрметті азаматтар да осы өңірде өмір кешті. Солардың бірі – қаламгер-ақын **Қапатай РАЙЫМБЕКОВ.** Ол комсомол мүшесі, ұстаз, жас ұландардың тәрбиешісі, ақын болатын. Бірақ оның жазбалары қалың оқырманға онша мәлім емес еді. Оның есімі әдеби-тарихи зерттеулерде де аталмайды. Тек өлең, әңгіме, очерктерімен мақалаларын 30-40 жылдардың баспасынан ғана табамыз.

1936-1939 жылдары Ұлытауда, кейін Қарсақбайдағы қазақ орта мектебінде мұғалімдік қызмет атқарады. Өмірінің осы тұсында, сондай-ақ студент шағында оның өлеңдері республикалық, облыстық баспасөз беттерінде жиі жарияланып отырды. Қапатай әдебиетке арнайы дайындықпен, жоғары біліммен келеді. Мұның өзі оның өз жазбаларына шама-шарқына жоғары талап қоюын қажет етті.

Қапатай ақын Ұлытауда ұстаздық етіп жүргенде туған жерге, елге деген махаббатын білдіретін өлеңдері жарық көреді. Қапатай Райымбеков мәнді де мағыналы, өміршең өлеңдер жазған ақын. Қапатайдың көптеген өлеңдері баспа бетін көрмеген. Жарық көргендерінің ішінен «Қос орденді қария», «Жастар серті», «Жеңістен жеңіске», «Біз Отанның батыры», «Май толғауы», «Аттанардағы сөз», «Қалияның хаты» секілді саяси лирикаларын атауға болады. Қапатай «Колхоз даңқы» атты ұзақ поэма жазған. Ол поэманың кейіпкерлері мен болған оқиғасы Ұлытау өңірінің колхозшы еңбек ардагеріне арналған. Поэма толығымен «Қызыл кенші» газетінде басылып шыққан.

1939 жылы Кеңес әскері қатарына шақырылып, Қиыр Шығыстағы Комсомол қаласында қызмет етеді. Ол рота командиріне дейін жоғарылайды. Елдегі жолдастарымен хат алысып, жазысып тұрады. Жезқазғандық қарт журналист Әбілқасен Әміралин Қапатаймен хат алысып тұрғанын естеліктерінде жазады. Ол бірнеше хат алып, өлеңдерін газетке бастырған. Бір өкініштісі хат сақталмаған. Жауынгер ақын Ұлы Отан



2. ТӘШІБАЙ ӘЛМҰХАНБЕТОВ

соғысы басталғанда майданның алғы шебінде болса да, өлеңдерін газеттерге жіберіп тұрады. Жас талантты ақын Қапатай өлеңді көп жазған.

Қапатай 1942 жылы Брянск бағытындағы үлкен бір ұрыста қаза табады. Елі ер есімін еске алса, ол ер өлмес болар деймін. Артында қалған хаттары ел есінде қалған ескерткіш емес пе?! Архивтегі №289 қор, 1 тізімдеме, 121 сақтау бірлігінде Қапатай Райымбековтың Сүтемген Бүкіровке жазған хаттары сақталған.

Сүтемген Бүкіров Қапатай жайлы деректер жинағанда, бұрынғы оқушыларына, қызметтес мұғалімдеріне жолығып пікірлескен екен. Ол жайлы естеліктерінде: «Қапатай физикадан сабақ беретін, талантты әдебиетшілігі өз алдына, достары көп жайдарлы жас, қоғамдық жұмысты белсене атқаратын, білімді комсомол мүшесі еді»,-дейді олар.

Сұм соғыста құрбан болған боздақтардың бірі – ақын **Тәшібай ӘЛМҰХАНБЕТОВ**. Тәшібай Әлмұханбетов 1910 жылы Торғай облысы Торғай ауданы Бестау деген жерде кедей шаруа отбасында дүниеге келеді.

Тәшібайдың туған жері Торғай өңірі болғанмен әкесі Ұлытау жақта болып, жастай оқу оқып, өскен жері Ұлытау болған. 20-30 жылдары әке тәрбиесінде болған Тәшібай мектепті бітіріп, Алматыдағы Абай атындағы қазақ институтының әдебиет бөліміне оқуға түседі. 1938 жылы оқуды тәмамдап еңбек жолын Семей педтехникумда бастайды. Бір жылдан соң өскен жері Ұлытауға келіп оқытушы болады. Бұдан кейін Қарсақбай, Жезқазған руднигінің мектептерінде оқытушы болып жүріп әдебиет үйірмесін үзбей, қайда жүрсе де ұйымдастырып, келешек жас әдебиетші жас таланттарды әдебиетке баулиды.

Тәшібай ақындық жолын мектеп қабырғасынан бастап, институтта оқып жүргенде одан әрі өрбітеді. Тәшібай жазған өлеңдерін түгелдей баспаға бере бермеген. Өзінің жеке дәптерлері мен мектеп үйірмелерінен шығарылған қолжазба әдебиет журналдарда жазылып қалғандары бұған дәлел.

Тәшібай ақынның өлеңдері отызыншы жылдар жарық көрген жас ақындардың жинақтарында басылып шығады. Тәшібай Әлмұханбетов өлең ғана жазып қоймаған, поэма, повесть, әңгіме, очерктер жазған.

1938 жылы Алматыда шыққан «Жастық даусы» деген жас ақын жазушылардың жинағында «Мен сүйемін», «Құрбылар» деген екі әңгімесі жарық көреді. Институтта оқып жүргенде жас студент «Лениншіл жас», «Қазақ әдебиеті», «Социалды Қазақстан», «Қызыл кенші» газеттерінде үзбей өлең, әңгіме, әдеби очерктерін шығарып тұрған.

Отызыншы жылдары баспада жарық көрген өлеңдері мәселен «Ленин тірі», «Ұмытпаймыз, Серго», «Ақынға», «Қайтып әлемді алмайсың», «Маяк», «Қос бөбек», «Кекті келіншек», «Тау құлатқан дауылда», «Шашу» сияқты шығармалары нағыз ақын, талант иесінің ой-арманынан шыққан асыл сөздер екенін көруге болады. 1937 жылдары «Туған жерге», «Тракторшы қыз», «Улы жылан» тағы басқа өлеңдерінен туып өскен өлкесіне деген ыстық махаббаты, дұшпанға деген ызалы кек, ашуы жырланды.

Қарындасы Бақытжан ағасы жайлы естеліктерінде былай деп жазған екен: «Тәшібай әсіресе, адамға деген ерекше бауырмал, қамқоршы, қорғансыз, жетімдерге көрсеткен қолма-қол көмегі, ізгі ниет, ілтипатты, ақ жарқын көңіл, кішіпейіл, ата-ана, іні-қарындас, жолдас-жора, досына дегенде кең пейіл, әрқашанда көңілді еді!». Тәшібайдың көп қасиеттерінің бірі еңбексүйгіш еді, еңбекқор адамды жанындай жақсы көретін. Ол адамға деген қамқоршылық көмегін қолынан келгенше аямайтын.

Тәшібай педагогтік қызметін әдебиет қызметімен қоса, жас әдебиетшілерге қамқоршы болған ақын-педагог. 1931 жылдан шығып тұрған Қарсақбай аудандық «Қызыл кенші» газетінің төңірегіндегі жаңа жаза бастаған талапкерлерді ұйымдастырған. Ақын, ғалым Әбулахип Райымбеков, Сейтжан Жүсіпов, Назымбек Әбішев тағы басқалар Тәшібай қамқор болған ақындар еді.

Ұлы Отан соғысы басталғанда Тәшібай Жезқазған руднигінде оқытушы еді. Тәшібай ақын Отан алдындағы борышын орындауға 1942 жылы қазан айында аттанады. Талай ұрыс, айқасқа қатысқан Тәшібай майданда жүргенде бірнеше өлең, «Қанжар» атты поэма жазған. Кейбірін газеттерге жариялаған, ал, қайсібірін зайыбы Күләнға жіберіп бастыруды ойлаған сияқты. Жауынгер ақын майданда жүргенде елдегі қызметтес, қаламдас дос, жолдастармен хат алмасып тұрды. Осы хаттар ақыннан қалған ескерткіш ретінде сақталыпты. Ақын 1943 жылы 10 желтоқсанда



3. ЖАНАХМЕТ БАЯХМЕТОВ (1922—1944)

госпитальде қаза табады. «Қара қағазы» Күләнға келеді. Ақынның соңғы хаты 2 желтоқсанда қарындасы Бақытжанға жазылған екен.

Алматыда даңқты Жеңістің 25 жылдығына орай Қазақстан Жазушылар одағында өткен Ұлы Отан соғысында өшпес ерлікпен қаза тапқан 12 ақын-жазушыға ескерткіш тақта қойылады. Сол тізімнің ішінде екінші қатарында «1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жазушылар» деген алтын әріппен жазылған мәрмәр тақтада « Әлмұханбетов Тәшібай» деген жазу бар.

Тәшібай ақын көзінің тірісінде еңбегін жеке кітап етіп бастыра алмай кетті. Артында көптеген ақын мұрасы қалды. Жеңістің 45 жылдығы қарсаңында «Жазушы» баспасы Ұлы Отан соғысының ардагері, марқұм Тәшібай Әлмұханбетовтың өлеңдері, әңгімелері, повестері жеке кітап болып шығарылды.

Қолда бар деректерге сүйеніп **Жанахмет БАЯХМЕТОВ** туралы әңгімелемекшімін. Жанахмет Баяхметов 1922 жылы Ұлытау ауданының Кішітау деген жерінде дүниеге келген. Әкесі Алдабергенов Баяхмет Байқоңыр көмір шахтасында кенші забойшы болып еңбек еткен. Ол кісі маңдай алды екпінді, стахановшы болған, ел сыйлаған қадірлі кісі болған. Ұлы Отан соғысы кезінде тылда жанқиярлықпен еңбек еткендердің қатарында Баяхмет әкей де болған екен. Үкіметтен алған Ленин Ордені, Еңбек Қызыл Ту ордендері ол кісінің адал еңбектің ардагері екендігінің дәлеліндей. Баяхмет ақсақалдың зайыбы Бәтима апай да ақылды ана, ел ардақтаған сүйкімді жан болған деседі.

Жанахмет Баяхметов онжылдықты Қарсақбайда бітірген соң, Қарағандының оқытушылар институтын тәмамдаған. Ең алғаш ұстаздық қызметі мұғалімдікті Ұлытаудан бастап, одан Байқоңырда қазақ тілі мен әдебиет пәнінен сабақ берген. Жанахмет жайлы замандастары оның әкесіне ұқсаған ақылды, өнегелі, адамгершілігі мол болғанын мақтанышпен айтады. Жасында-ақ ұстаздық еткен Жанахметтен тәлім-тәрбие алған шәкірттері әр салада абыройлы қызмет атқарып келеді.

1943 жылы Байқоңырда ұстаздық етіп жүргенде Отан қорғауға аттанады. Ол Белоруссия, Украина, Польша жерін Гитлер фашистерінен тазартып, ірі-ірі шайқастарға қатысады. Киев жеріндегі шайқасқа да қатысады. Соңғы өлеңмен жазған хаты 1944 жылдың 30 мамырында, сосын кешікпей тағы бір хаты келеді. Одан әрі хат-хабарсыз кетіп, Польша жерінде жерленгені анықталады.

КСРО Жазушылар одағының мүшесі, филология ғылымдарының кандидаты, ақын Бүркіт Ысқақов Мәскеудің Ленин атындағы орталық кітапханасымен Алматыдағы А.С.Пушкин атындағы мемлекеттік кітапханаларында болып отызыншы-қырқыншы жылдардағы газет беттерін қарастырғанда Жанахметтің ондаған өлеңдерін кездестіріп жинаған. Табылған өлеңдерінен Жанахметтің өлеңді ертеде-ақ, мектеп қабырғасында жүргеннен бастап жазғаны байқалады.

Жанахмет Баяхметовке 1941 жылғы «Қарағанды комсомолы» газетінің 1941 жылғы 26 маусым 24 санында әдебиет беті беріледі. Бұл бетте жезқазғандық жас ақынның 4 өлеңі жарық көрген.

Ақын Бүркіт Ысқақов «Біз институтта оқып жүргенде, өлеңімізді алдымен Жанахметке оқып барып, содан кейін газетке ұсынушы едік», дегеніне қарағанда Жанахмет сол кездердегі замандас жас ақындардың таланттыларының бірі болған сияқты. Жанахметтің көп өлеңдері Отанға, жас жауынгерлерге, ерлік пен патриоттыққа арналған. Олар: «Жас жауынгер досыма», «Майдандағы қызыл ер», «Туыс бауырларға», «Ел ұмытпайтындай батыр бол». Жанахметтің туған інісі Тоймағанбет Жанахметтің фото-суреттері мен майданнан жазған бір топ хаттарын, қолжазба өлеңдерін музейге тапсырды. Қазір бұл заттар Ұлы Отан соғысына арналған музей залында экспонат. Осы 289-қорда Ұлы Отан соғысының ардагері, боздақ Шәріп Қалманбаевтың хаттары жинақталған. Бұл хаттарды Шәріп Қалманбаевтың баласы Құрмет музейге тапсырады.



4. Шәріп ҚАЛМАНБАЕВ (1909—1944)

**Шәріп ҚАЛМАНБАЕВ** бұрынғы «Аралтөбе» ауылында Сымтас деген жерде 1909 жылы дүниеге келеді. «Аралтөбе» колхоз болып ұйымдасқаннан анасы Күнжамал, ағалары Ишан, сопы, Бұлдыбай, Шәриар, інілері Жәлел, Зет мүше болып, колхоз жұмысын жұмыла істейді.

Аздаған сауаты бар, комсомол мүшесі Шәріп сауатсыздарды оқытады. Көптеген колхоз мүшелеріне хат танытып сауатын ашады. Шәріп бұл жұмысты комсомол активтерінің бірі болғандықтан қоғамдық негізде жұмыстан кейін орындаса керек.

1941 жылы неміс фашистері Ұлы Отанымызға соғыс ашқанда, Шәріп Қалманбаев 30-дан асқан жігіт екен. 1941 жылы тамыз айында Отан қорғауға аттанғанда қарт анасы Күнжамал, зайыбы Шолпан, інісі Зет, бір жасар ұлы Құрмет қалған. Көп кешікпей ағасы Ишан, інілері Жәлел мен Зет те соғысқа аттанады. Үйде бас көтерер келіншегі Шолпан, Құрметін арқалап тынбай колхоз жұмысын атқарады. Ұдайы 4 жыл бойы Шолпанның атына хаттар келіп тұрады. Ал Шәріп барлық хаттарында «Сендерден хатты әлі алғаным жоқ» деп жазған екен.

Шәріп майданда жүріп партия қатарына өткен. Баласы Құрметтің айтуы бойынша Шәріп әкейдің хаттары көбісі өлеңмен жазылса керек. Жауынгер ақынның анасына, зайыбына, баласына, ағасы Бұлдыбайға жазған хаттары архив қорында сақтаулы.

Бұлдыбай колхоз ұйымдасқаннан колхоздың қой, сиыр, жылқысын бағып малшы болған. Ел арасында қиссалар жаттап жұртшылық жиналғанда айтатын болған екен. Шәріптің өз әкесі Қалманбайда әңгіме, қиссаны жақсы көретін, өлең де жазған ел ағасы болған. Архивтегі кейбір деректерге сүйенсек Қалманбай ақсақал кітапта жазған деседі.

Шәріп ақынның бауырлары Ишан, Шәриар, Зет те майданнан оралмады. Інісі Жәлел болса соғыстан бір көзінен айырылып келеді. Ол соғыстан кейінгі жылдары отыз жылдан астам колхозда, одан совхозда жылқышы болады.

Шәріп Қалманбаевтың соғыстағы ерлігі туралы дерек жоқ. Жауынгер ақынның ел үшін, Отан үшін қандай қызмет еткенін хаттарынан да білуге болады. Оның хаттары мен жырларынан жеңіске деген берік сенім, оптимизм, патриоттық, рухтың күштілігін байқауға болады.



Суретте: Жауынгер, боздақ Шаһарап Сақтағанов. Сурет 1940 ж. түсірілген.

—56—

**Шаһарап САҚТАҒАНОВ** Жезқазған қазақ орта мектебінің оқушысы, Жетіқоңырлық Шаһарап Отан қорғауға кетіп, қайтып оралмаған боздақтардың бірі.

«Қарағанды комсомолы» газетінің 1941 жылғы шілде айындағы санындағы «Әдебиет бетінде» Шаһараптың да бірер өлеңі бар. Жас талант, жаңа жаза бастаған мектеп түлегінің өлеңдері газетке жиі басылып жүретін. Сол жылдары жасы небәрі 14-15-те еді. Газет бетіне жарияланған өлеңдері: «Анама», «Кремль», «Ленин ата», «Күзетем», «Шахтер жыры».

Осы аталмыш әдебиет бетіне жезқазғандық орта мектептің оқушысы Смағұл Жақыповтың өлеңдері де жарияланған. Смағұл Жақыпов соғыс басталғанда Жезқазған руднигінің бір шахтасында еңбек етіп жүргенде майданға аттанады. Содан 1942 жылы Ржев түбінде бір үлкен ұрыста қаза табады. Жезқазған поселкесінде бұрынғы оқыған мектебі мен пионерлер үйінде ескерткіш тақтада аты мәңгілік жазылып қойылған, майданнан қайтпаған жауынгер. Смағұл мен Шаһарап екеуі мектептен дос болған екен.

Отан қорғау Министрлігінің Подольскийдегі Орталық архивінен алынған деректерде «107 атқыштар дивизиясының қызыл әскері Сақтағанов Шаһарап 1943 жылдың 16 ақпанында Харьков облысының Казачья Лобань селосында қаза тапты» деп әкесіне қара қағаз келеді. Бізде марқұм Шаһарап Сақтағановтың уыздай жас шағында жазған өлеңдері ғана қалды.

Жезқазғандық хабарсыз кеткен бұл боздақтарымыз өздерінің қысқа ғұмырында соңына өшпес із, ерен ерліктің үлгісін қалдырды. Біздің мақсатымыз – майдан өртінен оралмай қалған жерлестерімізді келешек ұрпаққа таныстыру. Осы қысқада болса, маңызы зор деректер арқылы батыр бабаларымыздың ерлігі ғасырлар бойы жаңа жас буын ұрпаққа өсиет болса дейміз.

**Қарлыға НАУРЫЗБАЕВА,**
**Жезқазған қалалық мемлекеттік архиві әдебиет, өнер, жеке қорлар және ақпараттар мен құжаттарды ғылыми пайдалану бөлімінің жоғарғы санатты архивисі**

# ДАЛА ДҮЛДҮЛІ

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

*«Тайжан Қалмағамбетов – қазақ мәдениетін жоғары көтеріп дамытуға үлес қосқан жан. Өркендеген өнердің шаңырағын көтерілiскен дарын иесі».*
***Академик Қаныш СӘТБАЕВ***

**Ұлытау-Жезқазған өңірі алтын, мысты қазыналарға ғана бай емес, сонымен бірге мәдениетке де, көркем өнер мен өнер сүйгіш жандарға да толы өлке болғаны жұртқа мәлім. Оны Жезқазған, Ұлытау жерінен табылған сан алуан археологиялық қазбалардан, әдеби мұралардан айқын көруге болады. Солардың бірі де бірегейі – асыл сөздің шебері, арқаның актангер ұлы Тайжан ақын қалдырған мұра.**

Тайжан өз халқының мойнына түскен зор ауыртпалықты халықпен бірге көтеріскен, халық ортасынан жарып шыққан ерекше ділмар жан болған. Ол халыққа түскен зіл бейнетті зарлана жырлап қана қойған жоқ, оның өлеңдері тыңдаушыларын бақытты шаттық өмірге үндеп отырды.

Тайжан Қалмағамбетұлы 1879 жылы осы күнгі Қарағанды облысы, Ұлытау ауданындағы Айыртау бөктерінің Қаратал деген елді мекенінде дүниеге келген.

Ақынның әкесі Қалмағамбет елге сыйлы, Ұлытау төңірегіне беделді, молдалық құрған тақуа адам. Анасы Мейіз қазақтың ұлы сазгері, әйгілі «Гәкку» әнінің авторы, сыршыл ақын, қайталанбас әнші Үкілі Ыбырайдың туған әпкесі.

Тайжан бала кезінен ән–жырға әуес болған екен. 9 жасында түс көріп, ұйқысынан «өлең, өлең алам» деп сөйлеп оянады. Жанындағы әкесі одан не болғанын сұрайды.

– Әлдебіреу келіп, «көген аласың ба, өлең аласын ба?» – деді. Мен қуанып «өлең алам» деп оянып кеттім, – дейді Тайжан.

Түске құдайындай сенетін ата-ана бұны жақсылыққа жорыды.

Жасынан Ақан сері, Біржан, Шәрке сал, Сегіз сері, Балуан Шолақ, Үкілі Ыбырай тәрізді әнші-ақындардың өлеңдерін айта жүріп, өзі де ән шығарған. Сыбызғы мен сырнайда, қобыз бен домбырада ойнаған, етікшілікпен, ұсталықпен айналысқан. Ескіше сауатты болған. Жезқазған Қарағанды, Қарсақбай сияқты өндіріс ошақтарына өлең-жыр арнаған, 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысқа үн қосқан. 1926 жылы Шеген, 1930-1936 ж. Болман, Иманжан тәрізді арқаның белгілі ақындарымен айтысқа түскен. Тайжан ақын музыка сыншысы, этнограф, композитор А.В.Затаевичке бірнеше ән жаздырған. Алғашқы өлеңдерінде ауыл адамдары арасындағы қайшылықтар, оқиғалар жырланады. Ақынның атын шығарған өлеңі – «Сегізден бастап сенделдім» (1892). Өз тұсындағы көптеген ақындармен айтысқан. «Октябрь құдіреті», «Дем алдым салқындап», «Мен қайттым Мәскеу барып», т.с.с. өлеңдерінде кеңестік өмірді жырға қосады. К.Алтайскийдің аудармасымен ақынның бірнеше шығармасы «Правда», «Известия» газеттерінде жарияланған.

Оның көптеген әндері кезінде ел аузында айтылып, «Тайжан әні», «Ыбырайға» сияқты ән-термелері күйтабаққа жазылған. Тайжан ақынмен Қарсақбайда 15 күндей бірге болған С.Мұқанов «Есею жылдары» кітабында ақын келбетінің нағашысы Үкілі Ыбырайға ұқсағанын, «әнді екпіндете, құбылта, құлаққа жағымды етіп айтатынын, ән-жырымен шашу шашып, Ыбыраймен әндерін мақамына келтіре сұлу орындайтынын әрі терең білетіндігін» сүйсіне жазған.

Сарыарқаның дүлдүлі, Ұлытаудың бұлбұлы, Қарсақбайдың ақыны Тайжанның ерекше дәуірлеген кезі 1934 жылдан басталады, сол жылы республикалық көркемөнерпаздар құрылтайында ең биік дәрежеге жетті. Топқа түссе шашасына шаң жұқтырмай өткен өнер иесі – Тайжан 1936 жылы Мәскеуде өткен Қазақстанның онкүндігіне қатысып, қазақ өнерінің мәртебесін көтерген көрнекті қайраткерлердің бірі.

Тайжан ақын қазақтың үш жүзіне де танымал асқан әнші, ақын, сазгер болып қалыптасты. Тек аумалы-төкпелі заманда, 1937 жылы халық жауы атанып, ұсталып, нақақтан атылып кетті. Тайжан Қарсақбай поселкесіндегі түрмеде қабырғаға жаза берген өлеңдерін сол бөлмеге келіп қамалған бір туысы жазып алып, өзі түрмеден босағасын жиналған жұрт ортасында ақынның осы туындысын оқып отырғанда «біреу» қолынан жұлып алып, отқа салып жіберген көрінеді. Өлең өте ұзақ. Соның 1–2 шумағы ғана сақталған. Қуғын-сүргінге ұшыраған сонау қандыбалақ 1937 жылдан 1958 жылы Хрущевтың «жылымығы» жеткенше Тайжан «халық жауы» атанды, аты аталудан, еңбегін ел көруден қалды, туған–туыстары қуғын–сүргінге ұшырады.

Тек 1970 жылдардан бастап ақынның асыл бейнесін айқын сипаттауға жол ашылды. 1972 жылы жас талапкер филолог Шамқан Қыстауұлы Рахметов Тайжан поэзиясы тақырыбына диплом жұмысын қорғады. Тайжан айтқан өлең–жырлары көбінесе ауызекі қалпында айтқан, тек өнерсүйгіш қауым, ақынның жанашырлары жаттап алып, ұрпақтан–ұрпаққа шығармаларының біраз бөлігін жеткізген. Тайжанның кей шығармалары ақындардың жалпы жинақтарында, газет-журналдарда («Қазақтың 1000 әні», 1925 жыл; «Пернедегі термелер», 1965 жыл) жарияланды. «Ой ағысы» атты өлеңдер мен айтыстарының жинағы 1984 жылы жеке кітап болып жарияланды. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері К.Салықовтың құрастыруымен 2004 жылы Алматыдағы «Қазығұрт» баспасынан Т.Қалмағамбетұлының «Сақ-сақ күлсін сырнайым» атты жинағы, Алматыдағы «Үш қиян» баспасынан К.Салықовтың «Ақын Тайжан» атты кітабы, Тайжан Қалмағамбетұлының 125 жылдық мерейтойына арналып шығарылды.

Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген әртісі, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы, жез таңдай әнші Ғалым Мұхамедин Тайжан әндерін жинап-таратуға үлкен еңбек сіңіруде. Ғ.Мұхамедин орындайтын ән қоры бай бола тұрса да, ол үнемі ізденіс үстінде. Арқаның әншілік дәстүрін жалғастырып жүрген арқалы әнші Ғ.Мұхамедин кешегі қазақ өнерінің аспанында еркін қалықтаған Біржан мен Ақанның, Үкілі Ыбырай мен Жаяу Мұсаның, Мұхит пен Естайдың, Мәди мен Тайжанның шығармаларын кеңінен насихаттауда айтарлықтай нәтижеге жетті. Бүгінде ұмытылған немесе сирек орындалатын әндерді жинап, халқымыздың игілігіне айналдыруда. Тайжан Қалмағанбетовтың ұмыт болған әндерін халық арасынан жинап, қазақ музыкасының алтын қорына қосуы көп ізденіс, қыруар еңбегінің нәтижесі. Ғ.Мұхамедин жаңғыртқан әндердің қатарында «Алтын кесе», «Қос апаның әні», «Көк айдай», «Ертөлеудің әні», т.б. бар. Әндері Қазақ радиосы мен теледидарының алтын қорына жазылған.

Қазақтың актангер ақыны, айтулы сазгері, халқымыздың дәстүрлі қисса, жырларының тамаша орындаушысы ретінде танылған Тайжан Қалмағамбетұлының ұрпаққа мұра етіп қалдырған байлығы – өлең–жырлары. Оның өлендері мен жыр–толғаулары, асыл сөздері мәңгілік ел есінде. Кіндік қаны тамған елі құрметтеп ән-күй ордасы Жезқазған филармониясына Қазақ КСР Министрлер кеңесінің 1990 жылы 15 қарашадағы № 444 қаулысымен Тайжан Қалмағамбетов есімі берілді. 1974 жылы маусымда құрылған Жезқазған мемлекеттік филармониясы (Халықтар достығы мен мәдениет үйі) – қазіргі таңда еліміздің түпкір–түпкірінде жемісті еңбек етіп, талантымен ел құрметіне бөленген көптеген дарындыларды қанаттандырған мәдениет ұясы. Суретші Шавкадин Сеткеновтың авторлығымен 2004 жылы маусымның 17 жұлдызында Халықтар достығы мен мәдениеті үйі алдындағы алаңда Тайжан Қалмағамбетовке арнап граниттен ескерткіш орнатылды.

Қаламыздың оңтүстігіндегі Бекболат елді–мекенінде Тайжан ақын көшесі орналасқан. Көше халық депутаттары Жезқазған қалалық Кеңесі атқару комитетінің 1979 жылғы 8 маусымдағы № 247/11 шешімімен Тайжан ақынның есімімен аталған. Көшенің жалпы ұзындығы 1606 метр, асфальтталған (ЖҚММ, 1 қор, 1-тіз., 827-іс, 24-бет).

Атағы алты Алашқа аян дүлдүл Тайжан атамыздың жақұттай жарқыраған мол мұрасы тұрғанда мәңгі жасары сөзсіз, жасай береді.

**Гүлзат ЖАКЕЕВА,**
**Жезқазған қаласы мемлекеттік мұрағатының әдебиет, өнер, жеке қорлар және құжаттарды ғылыми пайдалану бөлімінің архивисі**



**Тайжан ақынның түрмеде жазған өлеңі**

*Көкірек толды санаға,*
*Өтірік күйдім жалаға.*
*Жолыға алмай қор болдым,*
*Ағайын-туыс, бауырға.*

*Үкіметтің жолында,*
*Деуші едім басым садаға.*
*Қандай иттің баласы*
*Салды екен өсек араға.*

*Аңғартқанным бұл сөзді*
*Кәріңменен жасыңа*
*Абақтыда жатқанда,*
*Жан жуымас қасыңа.*
*Осы өсекті кім салса,*
*Соның да келсін басына.*

***1937 жыл.***
***ЖҚМА, қор №289, тізімдеме№1, сақтау бірлігі №175, бет.26***

ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМҚОРЛЫҚ

# «ТҰРҒЫН ҮЙ КӨМЕГІН ТАҒАЙЫНДАУ» МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІ

«Тұрғын үй көмегін тағайындау» мемлекеттік көрсетілетін қызметі. Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру:

1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);

2) «электрондық үкіметтің» www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

**Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:**

1) Порталға өтініш берген кезде мемлекеттік корпорацияға құжаттар топтамасын тапсырған күннен бастап – 8 (сегіз) жұмыс күні;

Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – тұрғын үй көмегін тағайындау туралы хабарлама (бұдан әрі – хабарлама) немесе мемлекеттік кызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

**Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беру нысаны:** электрондық түрде.

Порталда мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы (не нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша оның өкілі) өтініш берген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

**1) Мемлекеттік корпорацияға:**

мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжат (көрсетілетін қызметті алушының жеке басын сәйкестендіру үшін түпнұсқасы ұсынылады);

отбасының кірісін растайтын құжаттар (тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алынған мәліметтерді қоспағанда);

жұмыс орнынан немесе жұмыссыз адам ретінде тіркелуі туралы анықтама (тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алынған мәліметтерді қоспағанда);

балаларға және асырауындағы басқа да адамдарға алименттер туралы мәліметтер;

банктік шоты;

тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған ай сайынғы жарналардың мөлшері туралы шоттар;

коммуналдық қызметтерді тұтынуға арналған шоттар;

телекоммуникация қызметтері үшін түбіртек-шот немесе байланыс қызметтерін көрсетуге арналған шарттың көшірмесі;

жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жергілікті атқарушы орган берген жалдау ақысының мөлшері туралы шот;

**2) порталда:**

– көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;

отбасының табысын растайтын құжаттардың электрондық көшірмесі;

жұмыс орнынан немесе жұмыссыз адам ретінде тіркелуі туралы анықтаманың электрондық көшірмесі;

балаларға және асырауындағы басқа да адамдарға алименттер туралы мәліметтердің электрондық көшірмесі;

банктік шоттың электрондық көшірмесі;

тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған ай сайынғы жарналардың мөлшері туралы шоттардың электрондық көшірмесі;

коммуналдық қызметтерді тұтынуға арналған шоттардың электрондық көшірмесі;

телекоммуникация қызметтері үшін түбіртек-шоттың немесе байланыс қызметтерін көрсетуге арналған шарттың электрондық көшірмесі;

жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жергілікті атқарушы орган берген жалдау ақысының мөлшері туралы шоттың электрондық көшірмесі.

# «МҮГЕДЕК БАЛАЛАРДЫ ҮЙДЕ ОҚЫТУҒА ЖҰМСАЛҒАН ШЫҒЫНДАРДЫ ӨТЕУ» МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

«Мүгедек балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру:

1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация);

2) www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) Мемлекеттік корпорацияға, порталға жүгінген кезде – көрсетілетін қызметті беруші құжаттардың топтамасын тіркеген сәттен бастап – 10 (он) жұмыс күні;

Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны – электрондық (толық автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі: жәрдемақы тағайындау туралы хабарлама.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық және (немесе) қағаз түрінде.

Порталда жәрдемақы тағайындау туралы хабарлама, сондай-ақ жәрдемақы тағайындау туралы ақпарат көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының «жеке

Көрсетілетін қызметті алушы (не нотариат куәландырған сенімхат бойынша оның өкілі) жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

Мемлекеттік корпорацияға:

мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

1) көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін);

2) тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын құжат (мекенжай анықтамасы немесе ауыл әкімінің анықтамасы);

3) психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы;

4) «Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 44 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10589 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша мүгедектігі туралы анықтама;

5) банк шотының нөмірі туралы мәліметтерді растайтын құжат;

6) мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оқу орнының мүгедек баланы үйде оқыту фактісін растайтын анықтамасы (бұдан әрі – анықтама);

Құжаттарды салыстырып тексеру үшін түпнұсқада және көшірме түрлерінде ұсынылады, одан кейін түпнұсқасы қызмет алушыға қайтарылады.

**Порталға:**

1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш сұрау салу;

2) психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация қорытындысының электрондық көшірмесі;

3) оқу орнынан анықтаманың электрондық көшірмесі.

Электрондық өтініште көрсетілген жеке басты куәландыратын құжаттың, тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын құжаттың, банк шотының нөмірі туралы құжаттың, мүгедектік туралы анықтаманың мәліметтерін көрсетілетін қызметті беруші «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

# «ӨТІНІШ БЕРУШІНІҢ (ОТБАСЫНЫҢ) АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК АЛУШЫЛАРҒА ТИЕСІЛІГІН РАСТАЙТЫН АНЫҚТАМА БЕРУ» МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

«Өтініш берушінің (отбасының) атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесілігін растайтын анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметті Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары және кент, ауыл, ауылдық округ әкімдері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру:

1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);

2) көрсетілетін қызметті беруші;

3) www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал);

4) Халықты жұмыспен қамту орталығы (бұдан әрі – Орталық) арқылы жүзеге асырылады.

**Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:**

Мемлекеттік корпорацияға, көрсетілетін қызметті берушіге, порталға және Орталыққа құжаттардың топтамасын тапсырған күннен бастап – 15 минут;

**Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны:** электрондық (толық автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

**Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі:** көрсетілетін қызметті алушының атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесілігін (не тиесілі еместігін) растайтын анықтама.

**Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны:** қағаз және (немесе) электрондық түрінде.

Көрсетілетін қызметті алушы (немесе нотариат куәландырған сенімхат бойынша оның өкілі) мемлекеттік қызметті көрсету үшін жүгінген кезде мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті және мынадай құжаттарды ұсынады:

көрсетілетін қызметті берушіге, орталыққа не мемлекеттік корпорацияға: көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін).

Көрсетілген құжатта қамтылған ақпаратты мемлекеттік ақпараттық жүйе растаған кезде көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжатты ұсыну талап етілмейді.

**Порталға:**

көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы немесе порталдың есеп жазбасына ұялы байланыс операторы ұсынған көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөмірін тіркеген және қосқан жағдайда бір реттік парольмен сұрау салу;

«электрондық үкімет» веб-порталындағы пайдаланушы кабинетінен ұсынылған субъектінің келісімі болған жағдайда, сондай-ақ субъектінің «электрондық үкімет» веб-порталында тіркелген ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы бірреттік парольді беру немесе «электрондық үкімет» веб-порталының хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жолдау арқылы үшінші тұлғалардың электрондық сұрау салуы.

Сұрау салуда көрсетілген жеке басты куәландыратын құжаттың мәліметтерін көрсетілетін қызметті алушы «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті беруші, мемлекеттік корпорация, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызметті көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушының жазбаша келісімін алады.

Портал арқылы сұрау салған кезде – көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы статус көрінеді.

**Жезқазған қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі**

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: сенімге – серпін!

# ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК ЗАҢМЕН ҚОРҒАЛАДЫ

**Бізде азаматқа қатысты құқықтың барлығы заңмен қорғалады.**

Бір қарағанда өмір сүру салтымыздың өзі де осы заңдарға негізделгендей. Барлық игіліктердің авторы бар. Бірақ сол жеке құндылыққа деген құрмет құқықтық мемлекетті армандайтын қоғам мүдделеріне лайық болмай отыр. Соңғы кездері елде авторлардың меншіктік құқықтарын қорғайтын қоғамдар көбейіп кетті. Авторлық құқықтар жөніндегі ресми құжаттар елімізде тұңғыш рет X1X ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында ғылыми – қоғамдық еңбектерде көрініс берді. Жеке кәсіпкерлердің басқа тауарлық таңбаны заңсыз қолдануы зияткерлік меншік құқықтары саласындағы өзекті проблемалардың бірі. Сонымен қатар ерекшелендіру құралдарын, оның ішінде, тауарлық таңба, тауарлық марка және «брэнд» қорғау Қазақстанның әлемдік нарыққа кіруіне байланысты болмақ. Шетел тауарлық таңбаларының отандық нарықта қорғалмауы, шетел инвесторларының қызығушылығына айтарлықтай төмендетеді, ал тауарлық таңбаны қолдануға айрықша құқықтары иесінің құқықтарын жеткілікті деңгейде қорғалмауы, өз кезегінде Қазақстанға үлкен көлемде сапасы төмен, заңсыз басқаның тауарлық таңбасымен маркіленген тауарлардың импорталуына әкеліп соғады. Тауарлық таңба иесінің айрықша құқықтарды өз қалауы бойынша кезкелген тәсілмен куәлікте көрсетілген тауарлар мен қызметтерге қатысты қолдануға құқығы бар.

Тауарлық таңбаны заңсыз қолдану үшін жауапқа тартуға құқық бұзу фактісінің өзі жеткілікті, яғни, тауар таңбасын немесе тауар шығарылатын жердің атауын заңсыз пайдалану арқылы қорғалатын тауарларда және қызметтер көрсету кезінде және (немесе) олардың бумасында қолдану, тауар белгісі бар тауарды жасау, қолдану, әкелу, сақтау, сатуға ұсыну, сату, маңдайша жазуларда, жарнамада, баспа өнімінде немесе өзге де іскерлік құжаттамада қолдану, сондай-ақ оларды азаматтық айналымға өзгеше енгізу құқықтық жауапкершілікке алып кел еді.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес тауарлық таңбаны және тауар шығарылатын жердің атауын заңсыз пайдалану үшін азаматтық-құқықтық (ҚР АК 1032-бап), әкімшілік (ҚР ӘҚБтК 158-бабы) және қылмыстық (ҚР ҚК 199-бабы) жауапкершілік қарастырылған.

Осыған байланысты басқаның тауарлық таңбасын заңсыз пайдалану қолданыстағы заңнамаға сәйкес әділет органдарымен қатаң қудаланады.

***Жанар* ЖОЛДАСОВА,**
**Жезқазған қаласы ауданаралық әділет басқармасының бас маманы**

# ОТБАСЫ мен ГЕНДЕРЛІК ТЕҢДІК ҚҰҚЫҚТАР ТУРАЛЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШАРТ

**Қазақстанда гендер мәселесіне деген қызығушылық екі мың жылдық тоғысында байқала бастады. Философия және саясаттану институтында зерттеушілер тобы «Гендер теориясына кіріспе» деген кітапты дайындап, жарыққа шығарды, ал кейін Қазақ қыздар педагогикалық институтында Орталық Азиядағы бірінші әлеуметтік және гендерлік ғылыми зерттеу институты ашылып, онда оқу жоспарларын және гендерлік пәндер бойынша арнайы курстар, гендерлік білімнің ұстанымдары мен жорамалдарын жасай бастады.**

Қазақстандық зерттеушілер алдында күрделі міндет тұр: гендердің еуропалық теориясының тәжірибесі мен әдісін игеріп қана коймай, гендердің батыстан шығысқа жылжуына жәрдемдесу және Қазақстан халықтарының менталитетіне сай келетін гендерлік қатынастар моделін жасау. Ең алдымен, «Қазақстандағы әйелдер қозғалысы: тарих және қазіргі заман» тақырыбын зерттеп, мемлекеттік емес әйелдер ұйымдарының тәжірибесін, олардың әйелдерді экономикалық және саяси өмірге қатыстырудағы белсенді қызметін, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы отбасы істері және гендерлік саясат ұлттық комиссиясы бойынша көп жоспарлы және маңызды жұмыстарды жинақтау болып табылады. Атап айтсақ, гендерлік білімнің ұстанымдары мен әдістерін жасау, үздіксіз білім беру тұжырымдамасын, оқу құралдары мен гендерлік тренингтердің сәйкес кешендерін жасау, гендерлік пәндер мен гендерлік білім саласы бойынша мамандарды дайындау т.б.

Елбасы жанынан құрылған барлық органдардың ішінде бұл комиссия мақтан тұтарлық әрі көп нәрсеге міндеттейтін Ұлттық деген атауды арқалап жүр. Қоғамымыздағы нәзік те маңызды мәселелерді шешуді мойнына алған комиссияның негізгі міндеті Қазақстанның 2030 жылға дейінгі стратегиялық дамуы және 2006-2016 жылдарға бағытталған гендерлік теңдік стратегиясы аясында отбасы, ерлер мен әйелдер теңдігін мұрат еткен мемлекеттің кешенді саясатын және осы тақырыптағы халықаралық келісім-шарттарды жүзеге асыру болып табылады. Бұл келісім-шарттарға: – Әйелдердің жағдайын жақсарту әрекетінің Бейжің тұғырнамасы (1995 ж.); – Әйелдерге қатысты барлық түрдегі кемсітушіліктерді жою жөніндегі БҰҰ конвенциясы (1998 ж.); – Әйелдердің саяси құқығы жөніндегі конвенция (2000 ж.); – Тұрмыстағы әйелдердің азаматтығы жөніндегі конвенция (2000 ж.); – Тең бағаланатын еңбекке қатысты ерлер мен әйелдерге біркелкі төлемақы беру жөніндегі Халықаралық еңбек ұйымының 1951 жылғы №100 конвенциясы (2000 ж.); – Әйелдерге қатысты барлық түрдегі кемсітушіліктерді жою жөніндегі конвенцияға факультативтік хаттама (2001 ж.); – БҰҰ-ның Мыңжылдық даму мақсаты – оның ішінде «Ерлер мен әйелдер теңдігіндегі жетістіктер, әйелдердің мүмкіндіктері мен құқығын кеңейту» деп аталатын үшінші мақсаты жатады. Ұлттық комиссияның биік мәртебесі қойылған міндеттерді жүзеге асыруда барлық мемлекеттік органдармен қоян-қолтық араласуға және азаматтық қоғам өкілдерімен бірлесіп жұмыс істеуіне барлық мүмкіндіктер туғызып отыр.

Отбасы, білім, экономика, саясат, әлеуметтік салаларда гендер мәселесін дамытатын күрделі үрдіс жүріп жатады. Онда гендерлік таптаурындар мен жаңа гендерлік идеалдар, модельдер көрініс табады. Әйелге қатысты дискриминацияның барлық түрлерін жою туралы БҰҰ Конвенциясында арнайы бап бар, осылай гендерлік саясат адам санасын өзгертуге ықпал жасайды.

Қазіргі кездегі гендерлік концепт барлық уақыттарда да қазақтарға тән болған, әйелді сыйлауды есепке алады. Ұмай ана – ұрпақ пен отбасы бақытын қорғаушы. Гендерлік қатынастың жыныс теңдігіне бағытталған жаңа түрінің қалыптасуы, ұлттық дәстүр мен ұлттық менталитет контекстісінде жүзеге асатынын тағы да баса айтамыз.

**Әсел АМАНЖОЛОВА,**
**Жезқазған қалалық сотының кеңсе меңгерушісі**

# ҚР-ның 2002 ЖЫЛҒЫ 3 ШІЛДЕДЕГІ №331-ІІ «ӨСІМДІКТЕРДІ ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ» ЗАҢЫНА ӨЗГЕРІСТЕР мен ТОЛЫҚТЫРУЛАР ТУРАЛЫ

«ҚазақстанРеспубликасының кейбір заң-намалық актілеріне агроөнеркәсіптікке-шендіреттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 28 қазандағы № 268-VI ҚРЗ Заңына сәйкес, өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторларға аумақтар мен объектілерге тексеру жүргізуге бақылауды жүзеге асыру, мемлекеттік тіркеуден өтпеген пестицидтерді, Кәсіпкерлік кодекс нормаларын қолданбай жалған пестицидтерді өткізу, сақтау, қолдану және (немесе) әкелу фактілерін анықтау бойынша мемлекеттік фитосанитариялық бақылау объектілерінің жай-күйін айқындау жөніндегі функциялар берілген. Бұдан басқа «Өсімдіктерді қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 3 шілдедегі № 331 Заңының (бұдан әрі-Заң) 19-бабына сәйкес мемлекеттік инспекторлар пестицидтерді сақтауға, өткізуге және қолдануға бақылауды жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының «Өсімдіктерді қорғау туралы» Заңының 20-бабы «Өсімдіктерді қорғау жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру көздері» бойынша фитосанитарлық шараларды қаржыландыруда өзгерістер еңгізілді (келесіде заң). Яғни, осы заңның 1 тармағы 2,4 тармақшаларына сәйкес бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын іс-шаралар: саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары үйірлі көк қасқа шегірткелерге (азиялық, марокколық және итальяндық прус) қарсы химиялық өңдеу жүргізу үшін пестицидтер сатып алуды, сондай-ақ пестицидтер қорын қалыптастыруды, сақтау мен жаңартып отыруды; саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары үйірлі көк қасқа шегірткелерге (азиялық, марокколық және итальяндық прус) қоныстанған орындарға химиялық өңдеу жүргізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алуды қамтиды;

Осыған сәйкес қауіпті және аса қауіпті организмдерге қарсы фитосанитарлық іс-шаралар, азиялық,итальяндық прус және саяқ шегірткелерге қарсы жүргізілетін фитосанитарлық іс-шараларды қоспағанда, кәсіпкерлік субьектілердің қаражаты есебінен жүзеге асырылады (заңы 20-баб, 3-тармақ).

Облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының өсімдіктерді қорғау саласындағы құзыретіне де толықтырулар еңгізілді: саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары саяқ көк қасқа шегірткелерге қарсы күрес жөніндегі фитосанитариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу облыстың жергілікті атқарушы органдарының құзіретіне кіреді (заңы 9-бап, 4-1 тармақша). Соған сәйкес, пестицидтерді, оларды сақтау, тасымалдау, саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары саяқ көк қасқа шегірткелерге қарсы қоныстанған орындарды химиялық өңдеу жөніндегі көрсетілетін қызметтер бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады (заңы 20-бап, 1-тармақ, 8 тармақшамен толықтырылды).

Қызметі мемлекеттік фитосанитариялық бақылау объектілеріне байланысты жеке және заңды тұлғалардың міндеттеріне де өзгертулер мен толықтырулар еңгізілді:1) фитосанитариялық мониторинг пен фитосанитариялық іс-шараларды жүргізуге және саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің дамуы мен таралуына жол бермеуге тиісті;

Заң аясында жеке және заңды тұлғалар өз аумақтарындағы зиянды организмдерге және аса қауіпті зиянкестерге қарсы фитосанитарлық іс шаралар жүргізуі қажет (заңы 14-5-бап)

Қаламыздың фитосанитарлық ахуалын сақтап қалу мүмкіндігін арттыру мақсатында «Өсімдіктерді қорғау туралы» Заңы бойынша енгізілген өзгерістер мен толықтырулар алдағы уақытта, жұмыс барысында қолданылуы қажет.

**Мұхит ДАУТБАЕВ,**
**«Жезқазған қалалық аумақтық инспекциясы» ММ өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторы**

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

***Құрметті Толқын Сырлыбекқызы!***

*40 жас туған күніңіз құтты болсын! Әр атқан таңда әлемнің бар жақсысы мен асылын, қуанышы мен бақытын тілейміз! Музей ісін дамыту және жетілдіру жолындағы көп жылғы еңбегіңіз Сізді жаңа табыстарға жетелесін! Мерейіңіз үстем, мәртебеңіз биік болсын!*

**Тілек білдіруші:** *Музей ұжымы*



***Құрметті «Шарайна» газетінің ұжымы және ардагерлері!***

*Сіздерді газеттің 30 жылдық мерейтойымен құттықтаймыз!*

*Газет қашан да жұртшылықты сенімді ақпаратпен қамтамасыз етуші тиімді құрал қызметін атқарып келеді. Бұл ретте кенді қала Сәтбаевтың күнделікті тыныс-тіршілігі, еңбек адамдарының бейнесі, республикада және аймақта болып жатқан маңызды оқиғалар «Шарайнада» көрініс тауып келеді. Бүгінде «Шарайна» Сәтбаев қаласының ақпарат айнасына айналды деп сеніммен айтуға болады.*

*Әр жылдары газетте аймағымызға, республикаға танымал қаламгерлер қызмет етіп, журналистердің, техникалық қызметкерлердің бірнеше буыны қалыптасты. Газет қызметкерлері қаланың мәдени, қоғамдық-саяси өміріне белсенді араласып жүр.*

*Осы мерейтойда Сіздерге шығармашылық табыстар тілей отырып, газеттің оқырман алдындағы беделі артып, таралымы кеңейсін, жаңа медиа көшінде лайықты биікті бағындырыңыздар дегіміз келеді.*

**Құрметпен,** *Жезқазған аймақтық «Saryarqa» газетінің ұжымы*

# ҚАЛАЛЫҚ ГАЗЕТТІҢ ҚАДАМЫ ҚАРЫШТЫ

**4 маусымда Сәтбаев қалалық «Шарайна» газетінің шыға бастағанына 30 жыл толды.**

Кеңес одағындағы қайта құру кезеңі біршама өзгерістерге мұрындық болғаны белгілі. Бұрынғыдай емес, коммунистік партияның қолы біршама қысқарып, ашықтық, жариялылық қағидалары түбегейлі басымдыққа айналмаса да, бірқатар салаға ақырындап ене бастаған болатын. Бүгінгі Сәтбаев қалалық «Шарайна» газеті заңды мұрагері саналатын «Сары-Арқа» газеті де сол жылымық шақта Никольский қаласы халық депутаттары кеңесінің басылымы ретінде 1990 жылы 4 маусымда жарыққа шықты. Білетіндер бұл бастамаға облыстық партия комитетінің басшылығы барынша наразы болып, қарсылық танытқанын айтады.



Хош, сонымен газет жарыққа шықты. Тұңғыш редакторы Владимир Могилев болды. Көп ұзамай ол Ресейге көшіп, оның орнына Владимир Нудьга тағайындалды. Алып империя тарихындағы тағдыр шешті өзгерістер қарсаңында оқырманға жол тартқан басылым заман ырғағы, уақыт талабына сай өз соқпағын таба білді. Алғашқы кезде 1000 таралыммен шыққан басылымның бірте-бірте оқырманы да арта бастады.

Осы орайда газет атауы 1996 жылдың 22 наурызынан бастап «Шарайна» деп өзгергенін айта кеткен жөн.

Газеттің алғашқы тілшілері қатарында Владимир Липовка, Бекен Абдуллаев, Вячеслав Щеглов, Мәди Әлжаппаров, Қамбар Алашбаев, Жұпар Әлкенова, Айгүл Саринова және т.б. атауға болады. Кейін олардың қатарын Зулфия Буданова, Татьяна Цай, Әлібек Әбдіраш, Оля Малахова, Айнұр Құлашева, Оксана Шевердиева, Елена Биккерт, Мейрамгүл Алпысбаева, Бағдат Қазкенов, т.б. жалғастырды.

Газеттің алдыңғы толқын қызметкерлері Дастан Ибраев, марқұм Сапархан Исахов, Гүлнәр Жаналиева, Алмагүл Смағұлова, Сәуле Кенжетаева, Юлия Фединаның есімі басылымның бұрынғы оқырмандарына жақсы таныс.

Әр жылдары газетке Абдолла Дастанов, Бақытжан Аманжолова, Майра Жаппасбаева, Төлеш Асанов, Сабыржан Тембаев, Ізтай Бейсенбаев редакторлық жасады. Құрылымдық өзгерістерге байланысты басылымда Бауыржан Бірманов біраз жыл директорлық қызмет атқарды. 2018 жылдан бері газетке Нурия Ильясова басшылық жасап отыр.

Газеттің шығармашылық ұжымы аймақтың тыныс-тіршілігінен жұртшылықты хабардар етіп, қаладағы ірілі-ұсақты өндіріс нысандарының жұмысы туралы ақпарат таратып келеді. Аймақ тарихы, өнері мен мәдениетіне қатысты етжеңді дүниелер де басылым беттерінде тұрақты жарияланып келеді. Осындай ұзақ жылғы шығармашылық жұмысы еленген «Шарайнаның» ардагер журналисі Мәди Әлжаппаров Қарағанды облысы әкімінің «Алтын сұңқар» сыйлығының лауреаты атанды.

– Басылым барынша заман талабына сай болуға тырысуда. Интернет, әлеуметтік желі сынды жаңа медианың кең қанат жаюы газетке бәсекелестік туғызып, дәстүрлі БАҚ қызметкерлерінің жұмысына жаңа талап қоюда. Соған сай біз де газеттің сыртқы дизайны мен мазмұнына мән беруге тиіспіз. Мен газет редакторлығына келгенге дейін «Шарайнаның» форматы өзгергенін оқырман біледі. Одан бері дизайны біршама өзгеріп жатыр. Оқырман талабына толық сай болу үшін газет мазмұны да барынша бай болуы керек деп санаймыз. Шығармашылық ұжым осы бағытта еңбек етіп жатыр, – дейді газет басшысы Нурия Әнуарбекқызы.

Он адамнан тұратын шағын шығармашылық ұжымның негізгі құрамы – газетте ертеден еңбек етіп келе жатқан қызметкерлер. Олардың қатарында журналистер Әлібек Әбдіраш, Ізтай Бейсенбаев, Айнұр Құлашева, корректор Рашида Орынбаеваны атап өткен жөн. Жауапты хатшы Мейрамгүл Алпысбаева, тілші Нұрлат Қонысбай, іс жүргізуші Алмагүл Мұхамедьянова – «Шарайнаның» шаруасын шыр айналдырып отырған бүгінгі ұжымның еңбекторылары.

«Шарайнада» шыңдалған Оксана Шевердиева бүгінде Елордада, Елена Бикерт Қарағандыда, Бағдат Қазкенов Жезқазған аймақтық «Мысты өңір» газетінде жемісті еңбек етуде.

– Газет ардагерлері – біздің алтын қорымыз. Қашан да жанашырлық танытып, қамқорлық жасап жүреді. Бұл қатарға біз көнекөз оқырмандарымыз бен тұрақты авторларымызды да қосамыз. Олар газетке жазылып, оқып қана қоймай, редакцияға хабарласып, ойларын да айтып жүреді. Бұл бізді жігерлендіріп, жұмысқа деген құлшынысымызды арттырады, – дейді газет редакторы Нурия Ильясова.

Бұл ретте газетке тұрақты қолдау көрсетуді дәстүрге айналдырған қала мекемелеріне басылым басшысының айтар алғысы шексіз.

– Жомарт Аханов басқаратын қалалық орталық аурухананың, Әділхан Аметов басқаратын «Сәт Тазалық» ЖШС, Ержан Тоқымбаев басқаратын Сәтбаев жылумен, сумен жабдықтау кәсіпорны, қаладағы емхана, отбасылық-дәрігерлік амбулаториялардың, мектептердің ұжымдарына алғыс айтқым келеді, – дейді басылым басшысы.

Орда бұзар жасқа келген қалалық газет ұжымының жұмыс қарқыны осындай. Заман талабына сай журналистер әлеуметтік желі мен интернеттің игілігін де оқырман кәдесіне жаратуды қолға алып жатыр. Бүгінде газеттің өз сайты, әлеуметтік желілерде парақшалары бар. Жаңа технологиялар мен дәстүрлі баспасөз жұмысын шебер үйлестіре білген «шарайналықтар» шағын қалада отырып шартарапқа хабар тарататын іргелі ақпарат құралына айналуға болатынына сенімді.

**Жомарт ТАЙМАС**

# ОТБАСЫ – ӨНЕГЕ АЙНАСЫ

**Ұлы Жеңістің 75 жылдығына аясында Халықаралық отбасы күніне орай әлеуметтік желі оқырмандарына үлгілі отбасын таныстырып, отбасы құндылықтарын насихаттау мақсатында орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің № 2 үлгілі кітапхана-филиалы Стамқұловтар отбасымен онлайн-жүздесу өткізді.**

Стамқұловтар отбасы 2019 жылы Жезқазған қалалық «Мерейлі отбасы» байқауында «Мәуелі бәйтерек» номинациясы дипломымен және «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы облыстық турында III орын грамотасымен марапатталған.

Стамқұловтар отбасының тірегі, асқар тау әке, қадірлі ата, тыл ардагері Алирахман Стамқұлұлы мен аяулы ана, сүйікті әже Роза Сейдіғалиқызы 11 бала өсіріп тәрбиелеген Жезқазған қаласындағы ордалы отбасылардың бірі. Алирахман Стамқұлұлы 1930 жылы Қарсақбай ауданына қарасты Қарғалы елдімекенінде дүниеге келген. 1942 жылы бастауыш класты бітірісімен еңбекке араласып, жазда егінде, қыста мал баққан екен. 1946 жылы «Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін» медалімен марапатталды. 1946-1952 жылдары №1 Қарсақбай мектебін бітірісімен, ауылда мұғалім жетіспеуіне байланысты ұстаздық қызметке орналасты. 1953 жылы күзде әскер қатарына алынған жас Отан алдындағы борышын өтеп келгеннен кейін мұғалімдік қызметін жалғастырды. Ал, 1958 жылы жұбайы Роза Сейдіғалиқызымен отбасын құрады.

Зайыбы екеуі 1963-1964 жылдары Қызылорда пединститутын сырттай бітіріп, Қарсақбайдағы №1 және Байқоңыр ауылының № 4 мектептерінде бірге 40 жылдай қызмет етті. Алирахман Стамқұлұлы мектеп директорына дейін көтеріліп, аудандық, облыстық оқу бөлімінің мақтау грамоталарын иеленді. 1980 жылы «Қазақ ССР халық ағарту ісінің үздік қызметкері» белгісі, «Еңбек ардагері» медалі, «Ұлы Отан соғысының 55 жылдығы» медалі, «1941-1945 жылдардағы соғыс ардагері» тағы басқа медальдармен марапатталса, Роза апа кеудесіне «Батыр ана» құрмет белгісін тақты.



Бүгінде еңбегінің зейнетін көріп отырған қос қарияның бес баласы Жезқазған мыс зауытында еңбек етсе, тағы бірі шаруа қожалығына иелік етуде. Екі баласы ата-анасының жолын қуып, ұстаздықты таңдаса, дәрігерлік пен жүргізуші мамандығының тізгінін ұстағандар да бар. 36 немереден 17 шөбере көріп, бақытты ғұмыр кешіп отырған әулет иесі Алирахман Стамқұлұлы биыл тоқсан бір жасқа, Роза апа 83 жасқа толып отыр. Олардың отасқанына биыл – 62 жыл.

Стамқұловтар отбасының өмір жолын отбасы тірегі Алирахман Стамқұлұлының өзі жеткізген онлайн жүздесуі кітапхананың kitaphana_zhez инстаграм және «Үлгілі Кітапхана Филиалы» фейсбук парақшаларынан көрсетілді. Желі қолданушылары көпке үлгі отбасы мүшелеріне ізгі тілектерін білдіріп, бала тәрбиесі мен отбасы институтын насихаттау қоғамға аса қажет екенін жарыса айтты.

**Ақнұр ҚЫДЫРМАНОВА,**
**№ 2 үлгілі кітапхана-филиалының меңгерушісі**

# БАЛАЛАРДЫ ҚУАНТТЫ

**1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні. Осы күнге орай Жезқазған қаласы әкімдігі, жастар ресурстық орталығы мен «Мемлекеттік, банк мекемелері және қоғамдық қызмет көрсету қызметкерлерінің салалық кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінің Жезқазған аймақтық филиалы шаралар легін ұйымдастырды.**



Балалар мерекесіне орай «Мемлекеттік, банк мекемелері және қоғамдық қызмет көрсету қызметкерлерінің салалық кәсіподағы» қоғамдық бірлестігі Жезқазған аймақтық филиалының ұйымдастыруымен «Еңбекті қорғау – балалардың көзімен» тақырыбында өткен сурет салу конкурсының қортындысы жарияланып, жеңімпаздарды арнайы диплом және бағалы сыйлықпен марапаттады. Салалық кәсіподақтың Жезқазған аймақтық филиалының төрағасы Раушан Қожабаеваның айтуынша конкурстың мақсаты – әлемді алаңдатқан COVID-19 қарсы күрестің өзектілігіне назар аудартып, бұл індетке қарсы күреске балалар көзімен қарау.

Сайысқа 5 пен 9 жасқа дейін және 10 жастан 13 жасқа дейін аралықта 30-ға тарта жас суретші қатысты. Сонымен 5-9 жас аралығында бас жүлде Нұрғиса Бекенге бұйырса, жүлделі I орынды Асылбек Қайратұлы мен Инаят Серікбай еншіледі. 10-13 жас аралығында Асылжан Аманкелді жүлделі I орын, Дина Кеңес II орын, Сұлтан Айтқұлов III орын тұғырынан көрінді.

Жезқазған қаласы жастар ресурстық орталығы мен «Жылы жүрек» еріктілер ұйымы, «Жасыл ел» еңбек жасағының жастары «Ғарышкерлер» бульварындағы балалар ойын алаңдарын сырлап, талдары ақтап, қоқыстан тазартты. «Серкенің серілері» еріктілер ұйымының жетекшісі Мейрамкүл Бәкібаеваның демеушілігімен балаларға олардың ата-аналарына балмұздақтар таратылып, түрлі ойындар ұйымдастырды. Осындай шараны ұйымдастырғандарға ата-аналар мен балалар дән риза болып, алғыстарын жаудырды.

**Ізтөлеу БЕКЕНҰЛЫ**

# «АТА КӘСІПТЕН АЙРЫЛЫП ҚАЛМАУЫМЫЗ КЕРЕК»

**«Ат жақсысы – бозы, ит жақсысы – тазы» деген қазақ халқы ата дәстүр аңшылық кәсіпте адамның досын жоғары бағалайтыны белгілі. Осыдан 2000-2500 жыл бұрын қазақ даласында пайда болған делінетін жеті қазынаның бірі құмай тазының бүгінгі тұрмыстағы рөлі туралы ата кәсібімізді жалғастырушылардың бірі, аймағымызға белгілі аңшы Еркебұлан СЕРІКОВПЕН әңгімелестік.**

***– Ел арасында «Бір тазының құны – бір жылқы» дейді. Осынау ұлттық кәсібімізді қолға алғаныңызға қанша уақыт болды?***

– Қазақ халқы қашаннан да сауық-сайран, той-думанға аса құштар ел ғой. Менде бала күнімнен ат баптау, ит өсіру кәсіптеріне аса қызығушылықпен қарадым. Өкінішке орай, ол кезде біздің өңірімізде тазы баптау ісі соншалықты қарқынға ие емес тұғын. Біз тазыларды тек теледидардан көріп өстік. Осындай бағдарламаларда еліміз бойынша тазылардың 150-200-ге тарта ғана түрі қалды, олар мүлде жойылып бара жатыр деген ақпараттарды естігенде менің қолыма ешқашан тазы түспейтін шығар деп ойлайтынмын. Кейіннен бұл сөздің жай дақпырт екендігіне көзім жетті. Себебі, бір ғана Қарағанды облысы аумағында қаншама тазы өсірушілер барын білдім. Әсіресе, Шет, Қарқаралы, Ақтоғай өңірлерінде тазы өте көп өсіріледі. Негізі «Тазылар жойылып бара жатыр» деген сөз кинологтар мен ит сатушылардың шығарып жүргені деп білемін. Еліміз бойынша мыңнан аса тазы бар екендігі анық.

Мен өзім электр-монтер мамандығы бойынша жұмыс істеймін. Тазы тұқымы қолыма алғаш рет 2013 жылы түсті. Жаңаарқаның Ерәлиев ауылында тазы өсірумен көптен айналысып келе жатқан тәжірибелі маман Нұриден атты ағам маған екі тазы күшігін сыйлады. Одан кейін Екібастұз жеріндегі ел ағалары Елдос 1 күшік, Павлодардағы Әлібек 2 күшікті тарту етті. Сөйтіп, ойламаған жерден бір жылда бес тазылы болдым. Өзге иттер түріне қарағанда тазы күтімі оңай емес. Тазының бабын, ем-домын жіте білмейтін мен өкінішке орай, екі күшікті өлтіріп алдым. Кейіннен уақыт өте тәжірибе де жинақталды. Көпті көрген ақсақалдардың ақыл-кеңестеріне жүгіндім. Осылай бірте-бірте тазыға қатысты біраз дүниелерді үйренуіме тура келді.

***– Өзге иттерден тазының айырмашылығы неде?***

– Тазы – алдымен, өте жылдамдығымен, ептілігімен ерекше. Тазының аңшылық сипатын анықтағанда дене бітімін, үйлесімділігін, сымбатын, қимыл-қозғалысын назарға алады. Ұрт еті ширақ, сан еті қатты әрі толық болуы керек. Төсі мен шонданайы аралығындағы өлшем қарайлас келгені дұрыс. Тазының күші төсінің кеңдігіне, жүгіргенде шаршамауы кеудесінің биік бітуіне байланысты болады. Желкесінен бастап құрыққа дейінгі өлшем жылдам, оқыстан шапшаң қимылдауына әсер етеді. Тазының мықтылығы тұқымына, жасына, жынысына да қарайды. Тазы тұқымы жүйрік деп айтып кеттік қой. Сонымен қатар, олардың көздері де өте қырағы, танаулары да иісті жақсы сезеді. Аяқтары ұзын, терісі тықыр, құлақ жағының терісі үлбіреп тұрады. Олар өлексеге құштар емес. Басқа ұлттар аң аулағанда көргіш бір итті, иіс сезгіш бір итті, жүйрік бір итті алып жүреді. Ал бізге тазының өзі жетеді. Аса қажеттілік туса ғана төбетті ерткен. Тазылар кең далада көсіліп жортып жүргенді жақсы көреді. Тазымен аң аулауды қарасонар деп атайды. Аңшылық олардың ептілігін шыңдайды. Қамап, қарғыбау салып ұстағанға жандары қас. Олар біраз уақыт аң ауламай, үйде отырып қалса ашуланып, мінездерін көрсетіп, қарсылық білдіреді. Осы тұста үй жануарларына шабуы да мүмкін. Бабын жоғалтып алмау үшін оларды далаға жиі шығару керек. Тазылар да біздің ұлтымыз сияқты. Қазақ қазақ болғалы бірге жасасып келе жатқан құмай тазылардың да еркіндікті жандары сүйеді. Олардың терілері нәзік. Сондықтан олардың күтімі де ерекше.





Оларды жылы қорада, астарына жұмсақ шөп немесе киіз төсеп ұстаған абзал. Осы орайда, бұл қасиеттер Сарыарқа өңірінің тазыларында көптеп кездесетіндігін мақтанышпен айтуға болады.

***– Бүгінгі таңда тазы баптаушыларға қандай да бір қолдау, көмек көрсетілуі қажет деп ойлайсыз ба?***

– Тазының аңшылыққа бейімделген хортей, грей, борзая, тайган сынды ит тұқымдарынан бәсі тым биікте. Бұл иттер өзара будандасудан пайда болған. Ал тазы болса, қазақ қазақ болғалы бірге жасап келеді. Мүмкін, кезіндегі әдеби шығармаларда кездескен бір өзі қасқыр алатын «Аққасқа», «Көкқасқалар» бүгінде жоқ та болар. Жасыратыны жоқ, ел ішінде қаны өзге иттермен аралас тазылар өте көп. Десе де, таза тазы тұқымынан айрылып қалғанымыз жоқ.

Республика бойынша тазылар байқауы өтіп тұрады. Бірақ, Жезқазған-Сәтбаев бұндай шаралардан тысқары қалып жататын. Осының орнын толтыру мақсатында 2019 жылдың қараша айында аймақтық тазылар байқауын өткіздік. Оған 45 тазы қатысты. Байқауға төрелік етуде арнайы мамандар шақырылды. Сол жерде біразы құжаттандырылды. Байқау әр түрлі жас өлшемінде өтті. Қос тазым I, II орындарға ие болып, мерейімді үстем етті. Бұл менің 7 жылдық еңбегімнің жемісі. Бүгінде тазы тұқымына Өзбекстан мен Ресей тарапы қызыға қарауда. Олар осы тазыны патенттеп алғылары келеді. Біз бұған жол бермеуіміз керек. Салт-дәстүрімізден хабар берер, ата-бабамыздан келе жатқан кәсібімізді көрінген көк аттыға жетектете салу – ұлттық мұрамызға жасалған аса ауыр қиянат екендігі сөзсіз. Бұл жайт бойында қазақтың қаны бар кез келген ел азаматын алаңдатары ақиқат. Өзім үшін ештеңе сұрамаймын. Тек мемлекет тарапынан осы кәсіпке жан-тәнімен беріліп, дамытуға үлес қосып жүрген өзге азаматтарға сәл де болса қолдау көрсетілсе дұрыс болар еді. Менің бар айтарым – бағзыдан маңдайымызға бітіп, қанымызға сіңген тазы баптау кәсібі ұстағанның – қолында, тістегеннің – аузында кетпесе екен деген ниет қана.

***– Астарлы әңгімеңізге алғыс білдіремін.***

*Әңгімелескен* **Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

«SARYARQA»
ГАЗЕТІН ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ДЕ ОҚИ ЖҮРІҢІЗ!
FACEBOOK.COM/SARYARQAGAZETI/
T.ME/SARYARQA/
@SARYARQA_GAZETI
WHATSAPP + 7 708 420 19 88